ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

AIQYN

СӘРСЕНБІ
№118 (3975)
11.08.2021

www.aikyn.kz e-mail: aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti

ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТІН ҰЛЫҚТАЙ БЕРЕМІЗ

Абай шығармаларын елімізде ғана емес, шетелде де насихаттауымыз керек. Бұл туралы ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Twitter-де мәлімдеді.

«Бүгін – Абай күні. Біз ұлтымыздың ұлы перзентін ұлықтай береміз. Өйткені халқымыздың болмыс-бітімі, ділі, дүниетанымы оның шығармашылығында тұтастай көрініс тапқан. Абай шығармаларын елімізде ғана емес, шетелде де насихаттауымыз керек» деп жазды Мемлекет басшысы.

Бұқаралық спорт та АҚСАП ТҰР

Спорт саласына түбегейлі реформалар қажет екенін Токио Олимпиадасы дәлелдеді. Барлық жауапкершілікті кәсіби спортқа жүктеп, реформа күтіп, қол қусырып отыруға болмас. Бұқаралық спорт – спорт саласының ең маңызды іргетасы. Оны дамытпай, ел спорты Олимпиада тәрізді белестерді бағындыруы мүмкін емес. Дегенмен халқымыз спортты серік етіп жүр ме? Токиода ақсаған спортшыларымыз секілді бұқаралық спортымыз да аяғын нық баса алмай жүргендей.

ОЛИМПИАДАЛЫҚ СПОРТҚА ҚАРЖЫ ШЫҒЫН

Еліміз олимпиадалық спортқа мол көлемде қаржы бөледі. Мәселен, Мәдениет және спорт министрлігі ұсынған дерек бойынша, Қазақстан спортшылардың жаттығуына жыл сайын кемінде 10 миллиард теңге шығындайды. Ал Токио Олимпиадасы жақындаған тұста, былтыр еліміз осы мақсатта 15 миллиард теңге бөлген екен. Бірақ осыған қарамастан биылғы Олимпиадада спортшылардың көрсеткіші қандай болғанын білеміз. Мол қаржыға қарамастан, ел құрамасының нәтижесі тым нашар болды.

8 ▸▸

Колледж ұстазсыз қалмай ма?

Жалақы мәселесі – қоғамда жиі талқыланатын тақырып. «Педагог мәртебесі» туралы заң қабылданып, мұғалімдердің жағдайы да, жалақысы да көтеріліп, мәселе оң шешімін тапқандай. Керісінше, бұдан колледж мұғалімдері сырт қалып қойған секілді. Мектеп пен колледж мұғалімдерінің білім беру бағдарламалары ұқсас келетіндіктен, ендігі жерде олар да мектепте сабақ беруге ұмтылады. Мұндай жағдайда колледждеріміз мұғалімсіз қалып қоймай ма?

ЖЕКЕМЕНШІК КОЛЛЕДЖДІҢ ЖЫРЫ БАСҚА

Мәселен, Жанна Төлеубайқызы 10 жыл бойы Қарағанды гуманитарлық көпсалалы колледжінде жұмыс істеген. Еңбек еткен жылдары директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушісі болған, әдістемелік нұсқау шығарып, кітап жазған. Кейіннен колледж жекеменшікке өткен соң жағдай өзгеріп сала берген деседі. Сөйтіп, педагог гимназияға жұмысқа тұрған екен. «Колледж жекеменшікке өтіп кетті. Жалақыны директор өзі белгілегендіктен, жыл сайын 10 мың теңге ғана қосылатын. Мысалы, аталған колледжде әлі күнге жұмыс істейтін таныстарым 140-150 мың теңге алатынын айтады. Есептеп көріңіз, жоғары санатпен, 1,5 мөлшерлемемен осындай көлемде айлық алып жүр.

5 ▸▸

Бекіре өсіретін зауыттардың халі мүшкіл

Елімізді қара алтынмен бірге қара уылдырығымен тамсандырып, әлемге әйгілі еткен балық саласының бүгінгі ахуалы оншалықты жақсы емес. Жайық өзенінің тартылуы, балықтардың тағылықпен ауланулы, уылдырық шашатын жерде су болмай, жағаға шығып қалуы әрі белгісіз себептермен уланып жатқаны – ең үлкен күрделі мәселеге айналды. Балықты сақтаудың бір ғана жолы бар, ол – уылдырықтан шабақ өсіріп, су айдынына жіберу.

Балық шаруашылығы саласында қызмет ететін мамандар уылдырықтан шабақ өсіріп, жыл сайын Жайық өзені мен Каспий теңізіне жібереді. Екі зауыттан кем дегенде 7 миллион шабақ жіберіледі. Жуырда екі зауыт дәстүрлі түрде мәпелеп өсірген шабақтарын Жайық өзеніне жіберді. Дегенмен зауыттардың жайы мәз емес. Ел Үкіметі қазірден назар аударма, зауыттардың жұмысы тоқтап қалуы мүмкін екенін мамандар айтып жатыр.

7 ▸▸

Құмар АҚСАҚАЛОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі:

Майлы дақылдар өндірісінен көш бастаған өңірміз

Халқымыздың маңдай терімен жеткен басты жетістігі, Тәңірдің бізге берген зор бақыты, баға жетпес мәңгілік құндылығымыз – ел Тәуелсіздігіне биыл 30 жыл толып отыр. Осы жылдар ішінде тәуелсіздіктің арқасында Солтүстік Қазақстан облысының қол жеткізген жетістіктері ауыз толтырып айтарлықтай. Тұрғындардың әл-ауқатын арттырып, өңірді жан-жақты дамыту бағытында атқарылған қыруар жұмыс туралы Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Іргебайұлы АҚСАҚАЛОВ AIQYN газетіне сұхбатында егжей-тегжейлі әңгімелеп берді.

4 ▸▸

БАҚЫТЫН БАСҚА ЕЛДЕН ІЗДЕГЕНДЕР

Тәуелсіздіктің 30 жыл уақыты ішінде қазақ даласында туып-өскен 4 миллионнан астам адам бүгінде әлемнің әр түкпірін кезіп кеткен. Бұл қазақстандықтардың жалпы санының 22 пайызынан асады. Яғни, туған мемлекетінен қоныс аударғандардың көптігі жағынан Қазақстан Сириядан (40 пайызға жуығы елден кеткен) кейінгі екінші орында тұр. Шам елінің жағдайы түсінікті, тұрғындары соғыстан бас сауғалай қашып, өзге жерден пана іздеп, босқынға айналған. Ал ешқандай соғыс жоқ, ыңғ-шыңсыз бейбіт заманда Қазақстаннан мұншама жұрттың көшуіне не себеп?

АРҚАДА ҚЫС ЖЫЛЫ БОЛСА, АРҚАР АУЫП НЕСІ БАР?

Қазақ топырағында дүниеге келгендердің бестен бірі қазір шетелдерде тұрақ тапқан. «Арқада қыс жылы болса, арқар ауып несі бар?» демекші, мұның саяси-экономикалық мәні тереңде. Әлбетте, бұл көрсеткіш 90-жылдардың басында тарихи Отанына ауа көшкен славян, еуропатектес халықтардың есебінен көбейіп отыр. Бірақ қалай дегенмен де, олар да бір кездері қазақстандық азамат атанып еді. Олардың біреулері Одақ құлағаннан кейінгі аяғынан шатқаяқтап енді тұра бастаған жас мемлекеттің болашағына күмәнмен қараса, енді біреулері саяси-экономикалық жағдайдан қорықты.

(Жалғасы 6-бетте)

Жұмыс та, жұмыссыз да көп

Жұмыспен қамту орталықтарына жүгінетіндерге қарағанда жұмыс берушілер көбейген. Бірақ елдегі жұмыссыздар саны азаймай тұр. Өйткені жеке кәсіпорындарды есептемегеннің өзінде жұмыс орындарындағы тұрақсыздық пен қысқартуға ұшырағандардың саны өскен. Жұмыссыздықты жою үшін жасалған жоба қайда? Жыл сайын бөлінген қаржының қайтарымы бар ма? Жұмыспен қамту мамандары қандай уәж айтады?

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖОСПАРЫ

Үкімет басшысы жыл басында тұрақты жұмыс орындарын құру бойынша жұмысты жалғастыру үшін жалақы мөлшерін он пайызға арттыра отырып, жұмыссыз қазақстандықтардың санын азайту керек екені туралы тапсырма берді. Ол үшін қажетті құралдар мен қаражат та қарастырылып жатқаны айтылып, биыл жұмыссыздық деңгейі 4,9%-дан аспайды деген еді. Сондықтан Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне 1 маусымға дейін 2021-2025 жылдарға арналған «Еңбек» ұлттық жобасын енгізуді тапсырды. Сонымен қатар Ұлттық экономика, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі және әкімдіктерге 1 шілдеге дейін өңірлік жұмыспен қамту карталарын әзірлеп, «Еңбек» жобасының іс-шараларын іске асыруды қаржыландыруды қамтамасыз етуге міндеттеді. Бағдарлама бойынша биыл 700 мың адам, жұмыспен қамтудың дағдарысқа қарсы Жол картасы бойынша 32 мың адамды жұмысқа орналастыру жоспарланған. Ал 440 мың адам бюджеттік инвестициялардың қатысуымен жүзеге асырылатын жобалар есебінен жұмыс табуы керек. Сөйтіп, биыл елімізде кадрларға қажеттілік 12,1 мың адам болған, бұл ретте орта және ірі кәсіпорындар 37 мыңға жуық бос жұмыс орнын ұсынуы қажет. Бұл үшін республикалық бюджеттен 104,2 млрд теңге бөлінді.

6 ▸▸

e-mail: aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

Ақшаны жымқырғандар сотталды

Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің бұрынғы қызметкерлері бас бостандығынан айырылды. Өңірдің Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының мәліметінше, ірі көлемде пара алған Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің бұрынғы басшысы, оның экс-орынбасары және алаяқтық жасаған кәсіпкер сотталған.



«Белгілі болғандай, комитет орынбасары «О» мен ЖШС директоры «Б» алдын ала сөз байласып, 354 миллион теңге бюджет қаражатын жымқырған. Бұл қаржы негізінен Риддер қаласында 300 орындық республикалық мамандандырылған олимпиадалық резерв мектеп-интернат-колледжін салуға бөлінген», – делінген ақпаратта.

Ал Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің экс-басшысы 2018 жылдың мамыры мен желтоқсан айлары аралығында ЖШС директорынан 35 013 881 теңге көлемінде пара және құны 13 миллион теңгелік автокөлік алған. Ол көлікті әйелінің атына аударып жіберген.

«Сот ісі барысында комитеттің экс-орынбасары мен кәсіпкер өз кінәсін мойындады. Ал комитеттің бұрынғы басшысы пара алмағанын алға тартқан. Алайда айыпталушылардың кінәсі куәгерлердің айтқандарымен және тиісті құжаттармен дәлелденді», – деп жазылған хабарламада.

Сот үкімі бойынша Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің бұрынғы басшысы Қазақстан Қылмыстық кодексінің 366-бабы 2-бөлігімен 5 жылға, комитет басшысының экс-орынбасары ҚК-нің 361-бабы 4-бөлігінің 2-тармағымен 3 жылға және осыған дейін сотты болған бұрынғы кәсіпкер 7 жылға бас бостандығынан айырылды. Сондай-ақ олар мемлекеттік қызметте жұмыс істеу құқығын өмір бойына жоғалтты. Үкім әлі заңды күшіне енбеген.

М.ТӨЛЕУ

Ақтөбеде жайылымның жартысы өртеніп кетті

Өңірдің Әйтеке би ауданында дала өрті өршіп тұр. Шаруалардың өртпен алысқанына екі тәуліктен асқан. Әуелі Әйке ауылы маңындағы жайылым жерлер отқа оранған. Артынша желдің екпінімен тілсіз жау Талдық, Қайрақты жағына қарай ойысқан. Дала әлі өртеніп жатыр.

Шаруалардың айтуынша, қазір жайылымның жартысы жанып кеткен, мал шығыны да бар. Тұрғындар аймақ басшылығы тезірек әрекет етпесе, жерімізден айырыламыз деп дабыл қағып жатыр.

– Ешкім қастандық жасап, өрт шығармаған. Бірақ жағдай қиын. Сақтап отырған 12 мың қыстық жайылымым күлге айналды. Менен басқа бірнеше шаруаның жайылымы өртеніп кетті. 8 бас жылқымды күйік шалған. Бір үйір жылқымды таппай қалдым. Ал жергілікті биліктен көмек жеткенше кеш болады, – дейді «Қонысбай» шаруа қожалығының басшысы Мұрат Сәтмағамбетов.

Ал жел айдап, лаулаған өртті тұрғындар өшірмек түгілі, жақындай алмай жатқан көрінеді. Ал бұл аумақта өрт жиі болатынын білсе де, жергілікті билік жақын маңға өрт сөндіру бекетін салмаған екен.

2017 жылы дәл осы ауданда өрт болып, 2 адам қаза тапқан болатын. Бұл жолғы өрттің де зардабы мол болмақ. Себебі бұл өңірде өрттің кесірінен мал азығының тапшылығы болуы мүмкін. Әдетте Ақтөбе облысы қуаңшылықтан зардап шегетін Маңғыстау, Атырау облысы мен Арал ауданына жемшөп жөнелтіп, көмек беретін. Енді өңірдегі шаруалардың өздері зар илеп қалмаса игі.

М.ЖАЛҒАСҰЛЫ

Екпе салдырып, пәтер ұтып алды

Маңғыстауда «Екпе салдыр да, пәтер ұтып ал» науқанының қорытындысы белгілі болды.

27 жастағы маңғыстаулық тұрғын Қайрат Қосаевқа 38-ші шағынауданда орналасқан 2 бөлмелі пәтердің кілті табысталды.

Жеңімпаздың айтуынша, вакцинаны ол ұтысқа қатысу үшін емес, өз денсаулығын күту мақсатында салдырған. Ол облыс тұрғындарын қазіргі эпидемиологиялық ахуалға салмақты қарап, екпе алуға шақырды.

«Ұйымдастырушыларға көп рақмет. Бастапқыда бұл науқанға сенген жоқпын. Қазір шынайы екеніне көзім жетіп отыр. Қуаныштымын. Жеке баспанам жоқ еді, енді ата-анам Ақтауға көшіп келгенде тұратын үйі дайын», – деді Қайрат Қосаев.

Ж.НҰРЛАН

Pfizer-ді күтпеңдер

Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой Қазақстанда Pfizer вакцинасы жүкті әйелдер мен балалар үшін қолжетімді болатынын айтты. Сондықтан ол бұл екпені күтпей, басқа вакциналарды ала беруге кеңес берді.

«Бастапқы кезеңде, қазан айында Pfizer вакцинасы тек балалар мен жүкті әйелдерге қолжетімді болады. Сондықтан бұл вакцинаның көп күтудің керегі жоқ. Қазір барып екпе жасата берген жөн. Бір апта ішінде бізде тағы бір вакцина болады. Оны Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мақұлдаған. Осы орайда, бұл вакцинаны да салдыруға мүмкіндік бар», – деді Алексей Цой.

Бұдан бұрын хабарланғандай, Денсаулық сақтау министрі Қазақстанда коронавирустан вакцинаны қайталап егудің мерзімін де қоса атап өтті.

«Қазақстанда вакциналау ақпан айынан бастап жүргізілгендіктен, мерзімді пысықтап жатырмыз. Адамдардың басым бөлігі маусым-шілде кезеңінде екпе алды. Осы орайда олардың ағзасындағы антиденелер әлі де бар, оның деңгейі де жоғары. Сондықтан екінші дозаны алғаннан соң шамамен 9 айдан кейін күнтізбеге енгізіледі. Қазір әріптестермен осы мәселені қарастырып отырмыз», – деді А. Цой.

Айта кетерлігі, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарға Pfizer вакцинасын қолжетімді етуді тапсырды. Қазақстан Pfizer компаниясымен вакцинаны жеткізу бойынша алдын ала келісім жасады.

Айбике ЖАНАСЫЛ

Тұрғын үй бағасы қымбаттады

Жыл басынан бері қайталама тұрғын үй құны 16%-ға өсті.

LS агенттігінің мәліметінше, биыл шілдеде көпқабатты тұрғын үйдің бір шаршы метрі 270,4 мың теңгеден сатылды. Бұл 2020 жылғы желтоқсандағы бағамен салыстырғанда 16%-ға артық. Жылдық өсім – 24,9%.

Жаңа тұрғын үй бір айда 0,4%-ға, ал жыл басынан бері 9,7%-ға, бір шаршы метрі үшін 339,9 мың теңгеге дейін қымбаттады. Жалға берілетін тұрғын үйлердің бір шаршы метрі бір жыл ішінде 11,9%-ға, 1,8 мың теңгеге дейін қымбаттады. Жаңа тұрғын үй бағасы жыл басынан бері 8% өскен.

Сонымен бірге, Krisha.kz порталының 10 тамыздағы деректері бойынша Алматыдағы барлық тұрғын үйдің бір шаршы метрінің орташа құны 516,3 мың теңге, Нұр-Сұлтанда – 383,3 мың теңге, Шымкентте 337,3 мың теңге болған.

М. БАҚЫТЖАН

Нью-Йоркте көрсетілетін фильм

«Жаным, ты не поверишь» фильмі New York Asian Film Festival кинофестивалінде көрсетілмек. Кинофестивальдің ерекшелігі онлайн форматта да, оффлайн режимде де өтеді. 6-22 тамыз аралығында Линкольн орталығында 60-тан аса түрлі жанрдағы фильмдердің көрсетілімі болады.

Режиссер Ернар Нұрғалиевтің «Жаным, ты не поверишь» картинасының тарихы жас жұбайлар арасындағы қарапайым отбасылық жанжалдан басталады (Данияр Алшынов пен Әсел Қалиева). Жағдай шиеленісе бастағанда, Дастан есімді бас кейіпкер (Азамат Маркленов, Ерлан Пірімбетов) бизнесмен және учаскелік полиция қызметкері балық аулауға шығады. Күтпеген жағдайлар бұл күнді қанды оқиғаға айналдырады.

Режиссердің айтуынша, бұл – күлкілі әрі қызық кино. «Бір жағынан авторлық кино, бұған дейін түсірілген фильмдерге ұқсамайды. Екінші жағынан, көрермен күтпеген түрлі оқиғаларға толы. Музыкасы да бөлек, жұлдыздар да қатысқан әзілге толы фильм. Сценарийінде де еркіндік бар. Бұл фильм көрермен тарапынан да жоғары баға алды», – дейді режиссер.

Гүл БЕКЗАТ

Мектепте «Әліппе» қайта оқытылады

«Әліппе» және «Букварь» оқулықтары Қазақстан мектептеріне қайта оралып жатыр. Бүгін Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов аппарат жиналысында оқулықтарды таныстырды.

«Бірінші қыркүйекте өтетін іс-шарада біз алғаш рет мектеп табалдырығын аттаған оқушыларға салтанатты түрде «Әліппе» оқулығын табыс етуіміз керек. Бұл – игі дәстүр. Аталған бағыттағы жұмысты уақытылы ұйымдастыру қажет. «Әліппе» – бүлдіршіндердің алғашқы оқулығы. «Әліппе» оқулығы әзірленіп, өңірлерге жеткізіліп жатыр. «Әліппе» ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының әдістемесі негізінде жасалды», – дейді Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов.

Р. МІНӘП

Жалғызбасты анаға баспана берілді

Биыл 16 наурыз күні мәслихат хатшысы Өрісбай Бұхарұлының қоғамдық қабылдауына Шарбұлақ ауылының тұрғыны, мүмкіндігі шектеулі жалғызбасты ана Б.Кемелбек көмек сұрап келген болатын. Ол әңгіме арасында үйінің жоқтығын, әлеуметтік көмекке мұқтаж екенін айтып, партиялықтардан тұрақты жұмысқа орналастыруға жәрдемдесуін және тұрғын үй мәселесі бойынша көмек көрсетуін сұрады.

Кейін осы мәселе жөнінде «Nur Otan» партиясының мүшесі, Шарбұлақ ауылының әкімі Жандос Арыстанбекұлына тапсырма беріліп, аталған жағдай бойынша жұмыс атқарылды. Өз кезегінде Жандос Үсенбеков Шарбұлақ ауылының кәсіпкерлерін ұйымдастырып, жалғызбасты, мүмкіндігі шектеулі ана Б.Кемелбекке пәтер кілтін табыстады. Сонымен қатар Б.Кемелбектен бөлек тағы да көмекке мұқтаж 2 отбасына пәтер кілті берілді.

Партия мүшесі мұнымен тоқтап қалмай, қоғамдық қабылдауға келіп көмек сұраған көпбалалы ананың қоғамдық жұмысқа орналасуына қол ұшын созды. Қуанышқа кенелген жалғызбасты ана өтінішінің аяқсыз қалмағанына, баспаналы болғанына, жұмысқа орналасқанына жәрдемін тигізген партиялықтарға алғысын жаудырды.

Айта кетейік, аталған қайырымды іске Түркістан облыстық мәслихатының депутаты Нұржан Сапабекұлы да өз үлесін қосты.

Әбілмансұр ЖАСАН

Тұрғындардың өтінішін тыңдады

«Nur Otan» партиясы Батыс Қазақстан облыстық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде облыстық мәслихат депутаты Қамидолла Ирменов тұрғындарды қабылдады.

Қабылдау бөлмесіне материалдық көмек сұраған көпбалалы ана хабарласты. Ол оқу жылы жақындап қалғанын айтып, соған орай оқу формасы мен оқу құралдарын алуға көмек көрсетілсе деген өтінішін жеткізді. Өз кезегінде Қамидолла Ирменов көпбалалы анаға қосымша көмек көрсетілетінін айта келе, өтініш иесінің барлық байланыс деректерін жазып алды. Сондай-ақ оған консультативтік және заңнамалық тұрғыдан кеңес берілді.

Депутаттың қабылдауына жазылған тағы бір өтініш иесі 4 рет инсульт соққан, денесінің 95 пайызы жарамсыз болған жолдасына әлеуметтік қызметкерді тағайындау бойынша көмек сұрап хабарласты. Ол министрліктен де, облыстық Әлеуметтік қамтамасыз ету басқармасынан да аталған мәселе жөнінде көмек сұраған. Бірақ ешқандай көмек ала алмай жүргенін айтты. Тиісті мекемеге хабарласқан кезде I топ мүгедегіне әлеуметтік қызметкер және қамқоршысына ешқандай өтемақы заңнамалық нормаларға сәйкес белгіленбейтіні анықталды. Егер тиісті заңнамалық құжаттар қабылданатын болса, бұл мәселе көп күттірмей шешімін табатыны айтылды. Қамидолла Мүтиғоллаұлы барлық мән-жайды толығымен біліп, тиісті мекемеге депутаттық сауал жолданатынын мәлім етті.

Келесі болып тұрғын үй кезегіне тұра алмай жүрген көпбалалы ана хабарласты. Қабылдау барысында Казталов ауданында ескі мекенжайы бойынша тіркелгені анықталды. Ескі мекенжайдан тіркеуден шыға алмай жүргенінің себебі – ол тұрғын үйдің қожайынының ауысуы. Қазір қалада жалдамалы пәтерде тұратыны белгілі болды. Депутат көпбалалы ананың байланыс нөмірін жазып алып, оған да бұл мәселе бойынша қосымша консультативтік және заңнамалық тұрғыдан кеңес берілетінін жеткізді.

А.ЖАСАНҰЛЫ

Жастар кеңесі маңызды МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАДЫ

«Nur Otan» партиясы Алматы облыстық филиалы жанындағы Жастарды қолдау бағыты бойынша қоғамдық кеңес отырысының кезекті отырысы өтті.

Отырыстың күн тәртібінде өңір бойыша жұмыссыз жастардың санын азайту жолдары мен Президенттің бес әлеуметтік бастамасын іске асыру барысы, үшінші бастама: «жоғары білімнің қолжетімділігі мен сапасын арттыру және студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту» мәселесі қарастырылды.

Кеңес отырысына «Nur Otan» партиясы Алматы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Серік Нұрқадыров, «Jas Otan» Жастар қанаты Алматы облыстық филиалының төрағасы Еркебұлан Ақболатов, облыстық басқармалардың жауапты мамандары мен Жастарды қолдау бағыты бойынша қоғамдық кеңес мүшелері қатысты.

Алматы облысының Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Бақыт Жақсыбаева өңірдегі жұмыссыз жастарға қатысты атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндама жасады. Одан кейін жоғары білімнің қолжетімділігі мен сапасын арттыру және студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту мәселесі жайында облыстық Білім басқармасының Техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің бас маманы Кенжегүл Дүйсенбиева сөз сөйледі.

Кеңес мүшелері ауыл жастарының «Еңбек» бағдарламасы аясында тұрақты жұмыспен қамтылуы мен жаңадан салынған жатақханалардың сапасына қатысты сауалдарын қойып, тұшымды жауап алды.

А.ЖАСАН

Кен сарқылса қайтеміз?

Елдің экономикалық әлеуеті, келешек ұрпақтың игілігі көп жағдайда минералдық шикізат ресурстарының көлеміне байланысты. Бүгінде Қазақстанда барланған пайдалы қазбалардың жалпы құны 3 трлн долларға бағаланған. Ал сарапшылардың пікірінше, болжамды геологиялық қор 9 трлн долларға жетеді. Біздің республика жыл сайын уранның 100%-ын, мыс, қорғасын, мырыштың 90%-ын, мұнайдың, темір өнімдерінің, ферробалқыманың 80%-ын, марганецтің 60%-ын, көмірдің, газдың және хромның 40%-ын экспорттайды. Ал кен орындары болса, сарқылып барады. Неге?

Дәулет АСАУ

8 МЫҢҒА ТАРТА КЕН ОРНЫ БАР

Ресми дерекке сүйенсек, қазір ел аумағында 8 мыңға тарта кен орны жұмыс істейді. Бірақ олардың басым көпшілігі шағын кеніштер, ал негізгі экспорттық әлеуеті бар ресурстардың бірқатары сарқылып барады. Көптеген ірі темір, марганец, титан, хром, мыс, алтын, күміс, қорғасын, мырыш және уран кеніштерінің 20-30 жылға, тіпті кей кеніштерде 10-15 жылға жетерлік қана қор қалған. Ал енді Кеңес заманындағы кеніштер түгесілгенде қала тіршілігі тау-кен байыту және металлургиялық комбинаттарға тәуелді Жезқазғанның, Таулы Алтайдың, Балқаш пен Қаратаудың жағдайы қалай болатынын ойлаудың өзі қорқынышты. Тағдыры қыл үстінде тұрғандардың қатарында Соколов-Сарыбай тобының кен орны, Риддер-Сокольный полиметалл кен орны, әлденеше қоңыр көмір және уран кеніштері бар. Сондай-ақ Сәтбаев, Риддер, Тишинское, Орловск және Малеев, тағы да басқа өнеркәсіптік қалалар мен елді мекендердің тағдырына қауіп төніп отыр. Қордың таусылуына байланысты Шығыс Қазақстан облысындағы Зырянов, Юбилейное, Шемонаиха және Арқалық, тағы бірқатар кеніштер жабылды. Сондықтан минералдық шикізат ресурсының орнын толтықтыру, жаңа кен орындарын ашу үшін жаңа барлау жұмыстарын жүргізу мәселесі өте өзекті.

Алайда елімізде геологиялық барлаумен негізінен шетелдік және бірен-саран отандық ірі өндіруші компаниялар ғана айналысады. Мемлекет бұл салаға бөлінетін ақшаны кейінгі 20 жыл бойы үнемдеп келген. Мәселен, барлық геологиялық барлау жұмыстарына бағытталған инвестицияның тек 5% пайдалы қатты қазбаларды анықтауға жұмсалған. Ал минералдық шикізат ресурстарының қорын толықтыру және жаңа кен орындарын барлау үшін көп қаржы қажет.

ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНА ТРИЛЛИОН ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ

Премьер-Министрдің ресми сайтында Қазақстанның аумағын геологиялық зерттеу бойынша 2021-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның тұжырымдамасы жасалғаны туралы ақпарат жарияланды. Аталған тұжырымдама минералдық шикізат ресурстар қорын толықтыру, жер жынысының құрамын ғылыми-зерттеу, автоматтандыру және цифрландыру, геология саласын кадрлармен қамтамасыз ету және инфрақұрылымын дамыту, сондай-ақ еліміздің әлеуметтік-экономикалық ахуалын жақсарту мәселесін қарастырады. Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру үшін қазынадан 200 миллиард теңге және жеке инвестиция есебінен 800 миллиард теңге бөлу жоспарланған. Соның арқасында қазірге дейін барланған барлық аумақтардың геологиялық зерделенуін 94,5-тен 100 пайызға дейін, тереңдетілген геологиялық-минерагениялық карталауды 25,8-ден 37 пайызға дейін жеткізу жоспарланған. Сондай-ақ 50 болашағы үлкен қатты пайдалы қазба учаскелерін анықтау, игерілген қалдық бассейндердің геологиялық зерттелуін – 60 пайызға, аз тексерілгендерін 10 пайызға жеткізу міндеті қойылып отыр.

Осыған орай болжамды ресурстар қоры едәуір артуы тиіс: алтын – 200 тонна, мыс – 5 млн тонна, полиметалл – 5 млн тонна, уран – 50 мың тонна, көмірсутегі – 700 млн тонна. Сонымен қатар геология сала мамандарының қатары 190 мыңнан 250 мыңға дейін көбейеді.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке геологиялық барлаудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеуді тапсырған болатын. Өйткені мұнай-газ және тау-кен металлургиясын шикізат қорымен тұрақты қамтамасыз ету қажет. Ал пайдаланудағы кеніштер жылдан-жылға түгесіліп барады. Сондықтан минералдық шикізат ресурстарының қорын толықтыру және жаңа кен орындарын ашу мәселесі өте өзекті. Оның үстіне бүгінде ел аумағындағы жер қойнауының 25 пайызы ғана барланған» деген болатын Премьер-Министр Асқар Мамин кезекті Үкімет отырысында.

Премьер-Министрдің айтуынша, геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде шикізаттық қорды молықтыру арқылы еліміздің, әсіресе моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық ахуалын сауықтыруға, өнеркәсіпті қарқынды дамытуға мол мүмкіндік туады. Жаңадан кеніштер ашылғанда жаңа өндірістік кешендер құрылып, ол 20 мың адамды жұмыспен қамтамасыз ете алатын болады. Сондай-ақ осы салаға 6 трлн теңгеге дейін инвестиция тартуға мүмкіндік береді.

ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТОРЛАРМЕН ШАРТ ЖАСАЛДЫ

Әлбетте, мемлекет тарапынан елдің минералдық шикізат қорын толықтыру мақсатында біршама жұмыс атқарылып жатыр. Бірақ қазір ол әлі де жеткіліксіз екені анық. Оның үстіне мұның нақты нәтижесін көру үшін кем дегенде 5-10 жыл уақыт керек әрі геологиялық барлаудың ықтималды тәуекелдерін де естен шығармаған абзал.

Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің төрағасы Ақбатыр Надырбаевтың айтуынша, бүгінде «Қазгеология» АҚ осы бағытта шетелдік инвесторлармен тығыз жұмыс істеуге ерекше ден қойып отыр. Соңғы 3 жылда геологиялық барлауға салынған шетелдік және қазақстандық инвесторлардың бірлескен салымдары 168,8 млн теңгеге артып, 3,5 млрд теңге құрады. Осы уақыт ішінде Rio Tinto австралия-британия концернімен, Ulmus Fund неміс инвестициялық қорымен және ILUKA Resources Limited (ILUKA) Австралия компаниясымен келісімге отырған. Одан бөлек, Түркияның Yildirim Holding A.S. және Ресейдің «Полиметалл» АҚ инвесторларымен жұмыс істеуде. Шетелдік инвесторлардың қаржысы арқылы бүгінде 6 учаскеде геологиялық барлау жүргізіліп жатыр. Атап айтқанда, Rio Tinto (Ұлыбритания) Қарағанды облысының Қорғантас учаскесінде мыс-порфира кендерін, Ulmus Fund (Германия) Қарағанды облысының Балқаш-Сарышаған алаңында мыс-порфира кендері мен Бесшоқы алаңында асыл және түсті металдарды барлауда, DTK Metals and Mining B.V. (Yildirim Holding A.S., Түркия еншілес ұйымы) ШҚО Бақанас алаңының Майлышат учаскесінде құрамында алтын бар кендерді, ШҚО Суровский учаскесінде құрамында платиноидті және алтыны бар кендерді зерделеуде, «Полиметалл» АҚ (Ресей) Қостанай облысының шекара учаскесінде жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу алаңына айналдырған.

«Жер қойнауын пайдалану жобалары бойынша аталған компаниялардың геологиялық зерттеу және барлау жұмыстары жүргізіліп жатқан учаскенің жалпы аумағы 20 мың шаршы шақырымды қамтиды. Осы 6 жоба бойынша тек қана іздеу кезеңінде тартылған инвестициялар сомасы 20 млрд теңгеге жуық. Сондай-ақ таяу жылдары геологиялық барлауға бағытталатын инвестиция көлемін 100 млн долларға жеткізу үшін «Қазгеология» АҚ Жапония, Иран, Түркия, Сингапур, Швейцария, Бразилия, Оңтүстік Африка, Сауд Арабиясы, Қытай, Австралия, Канада, Чили, Ресей инвесторларымен келіссөздер жүргізуде», – дейді «Қазгеология» АҚ басқарма төрағасының міндетін атқарушы Қадыржан Қауылдашев.

Бұдан бөлек, «Қазгеология» АҚ қала құраушы кәсіпорындарды қолдау әрі олардың минералдық шикізат базасын толықтыру мақсатында «Қазцинк» және «Қазақмыс» сияқты әлеуметтік маңызы бар ірі кәсіпорындармен ынтымақтастық шартын жасаған. Бүгінде компанияның геологиялық барлауға арналған инвестициялық портфелінде 52,5 млрд теңге жинақталған.

Құмар АҚСАҚАЛОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі:

Майлы дақылдар өндірісінен көш бастаған өңірміз

Халқымыздың маңдай терімен жеткен басты жетістігі, Тәңірдің бізге берген зор бақыты, баға жетпес мәңгілік құндылығымыз – ел Тәуелсіздігіне биыл 30 жыл толып отыр. Осы жылдар ішінде тәуелсіздіктің арқасында Солтүстік Қазақстан облысының қол жеткізген жетістіктері ауыз толтырып айтарлықтай. Тұрғындардың әл-ауқатын арттырып, өңірді жан-жақты дамыту бағытында атқарылған қыруар жұмыс туралы Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Іргебайұлы АҚСАҚАЛОВ AIQYN газетіне сұхбатында егжей-тегжейлі әңгімелеп берді.

– Еліміз Тәуелсіздік алғаннан бергі 30 жыл ішінде Солтүстік Қазақстан облысында атқарылған ауыз толтырып айтарлықтай қандай өзгерістерді атап өтер едіңіз?

–Тәуелсіздік – біздің ең басты игілігіміз. Мемлекетіміздің тарихындағы жаңа дәуір дәл осы тәуелсіздіктен бастау алды. Атабабаларымыз аңсаған, сонау Керей мен Жәнібек ту тігіп, еншісін алғаннан басталған ел егемендігінің жемісін бүгінгі ұрпақ көріп отырғаны көңілге қуаныш ұялатады. «Көппен көрген ұлы той» дегендей, егемендіктің елең-алаң шағындағы бар ауыртпалықты елмен бірге біздің өңір де бастан өткерді. Өткен кезеңді зерделеп, жүріп өткен жолымызға көз салсақ, талай қиындықты жеңіп, қанша белесті бағындырғанымызға бүгінде қайран қаламыз. Бұл тұрғыда сылдыр сөзден гөрі нақты деректер бар шындықты айғақтай түседі. Мәселен, 30 жыл ішінде өңірлік жалпы өнім 15 еседен астам, яғни 1,3 млрд теңгеден 1,5 трлн теңгеге дейін артты. Жан басына шаққанда жалпы өңірлік өнім 1,4 мың теңгеден 2,5 млн теңгеге дейін, яғни 23 есе көбейді. Ауыл шаруашылығы өнімін өндіру 8,7 млн теңгеден 779 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Өнеркәсіп өнімінің көлемі 1991 жылы 7,5 млн теңге болса, былтыр 305 млрд теңгені құрады. Өткен жылы инвестициялар көлемі 281 млрд теңгені құрады, бұл 1998 жылғыдан 85 есе артық. Тұрғын үйді пайдалануға беру 32 есеге, атап айтқанда 10 мың шаршы метрден 306 мың шаршы метрге дейін ұлғайды. Тәуелсіздік жылдарында білім беру саласына бөлінген қаржы 215 млн теңгеден 95 миллиардқа дейін өсті. 1991-2020 жылдар аралығында облыста 44 мектеп салынды. Осының барлығына тәуелсіздіктің, сауатты жүргізілген мемлекеттік саясаттың арқасында қол жеткізілді.

– Солтүстік Қазақстан облысы – еліміздің солтүстік қақпасы. Ресеймен шекаралас ауылдардың жағдайы қалай? Жалпы, барлық ауылдың жол, су мәселесі толық шешілді ме?

– Шынымен де, шекаралас аумақта орналасқан ауылдар стратегиялық тұрғыдан маңызды болып саналады. Болашағы бар, болашағы жоқ, спутниктік ауылдарға қарағанда шекарадағы ауылдар басымдыққа ие. Оларды дамытуға мемлекет тарапынан қаржы бөлінеді. Мұндай ауылдардың инфрақұрылымын дамытуға, бірінші кезекте жол мен су мәселесіне баса назар аударылады әрі әлеуметтік салаға басымдық беріледі. Облыста Ресей шекарасынан 50 шақырым қашықтықта орналасқан 93 елді мекен бар. Онда 35 мыңнан астам адам түтін түтетіп отыр. 17 ауылда тұрғындар саны 50-ге де жетпейтінін атап өту керек. Шекаралас ауылдарда «Еңбек» бағдарламасы бойынша үй салып, оңтүстік өңірлерден жұмыс күшін тартуға ниетті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер жетерлік. Сондықтан бұл ауылдардың тамырына қан жүгіретін күн алыс емес.

Жолдардың жағдайына келсек, біздің облыс аумағы жағынан шағын болғанымен, жолдың ұзындығы бойынша өңірлер арасында үшінші орында. 9 мың шақырым жол бар. Автожолдар экономиканың қантамыры іспетті, яғни жол сапасы неғұрлым жақсы болса, экономика соғұрлым тиімді дамиды. Былтыр 35 млрд теңгеге әрбір оныншы шақырым немесе 954 шақырым жол жөнделді. Нәтижесінде, 117 мың тұрғыны бар 150 ауыл арасындағы жол қатынасы жақсарды. Ауылдардың ішіндегі жолдардың жағдайына көп уақыттан бері назар аударылмай келген болатын. Биыл осы мақсатқа 5,8 млрд теңге бөлініп, 74 ауылдың ішіндегі жолдардың жағдайы жақсартылды. Үстіміздегі жылы тағы 24 ауыл қамтылады. Әсіресе, қазіргі және бұрынғы аудан орталықтарының жолын жөндеуге баса назар аударылмақ.

Сапалы жолдардың үлесі 58-ден 69 пайызға дейін арттырылды. Облысты дамытудың кешенді жоспары арқасында біз бұл көрсеткішті 98 пайызға жеткізбекшіміз. 2025 жылға дейін 5 мың шақырым жол жөнделмек. облыстағы ауылдардың тең жартысы осы жолдардың бойында орналасқан. Онда 250 мың адам тұрады.

Сумен қамту мәселесі де біртіндеп шешімін тауып келеді. Бұл бағыт қомақты қаржыны қажет етеді, сондықтан жыл сайын қыржыландыру көлемі арттырылып келеді. Былтыр 60 мың тұрғыны бар 76 елді мекенді сумен қамту сапасы жақсартылып, бұл мақсатқа 6,5 млрд теңге бөлінді. Биыл 11,4 млрд теңге бағытталып отыр. Былтыр 2,9 мың отбасының үйіне су енгізілсе, биыл тағы 3 мыңнан астам шаңырақ осындай мүмкіндікке ие болмақ. Жыл соңына дейін тұрғындардың 83,5 пайызын сапалы ауызсумен қамтуды жоспарлап отырмыз. Облысты дамытудың кешенді бағдарламасы су желілерін дамытуға серпін бермек. Алдағы бес жыл ішінде 78 ауылға су тартып, ауылдарды 100 пайыз сапалы ауызсумен қамтымақпыз.

Жалпы, биыл 115 ауылды жаңартуға 17 млрд теңге жұмсалады. Бұл ауылдардағы мектептер, балабақшалар, дәрігерлік амбулаториялар, жолдар мен су құбырлары күрделі жөндеуден өткізіледі.

– Солтүстік Қазақстан – еліміздің астықты өңірі. Елбасы, «Nur Otan» партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев өңірімізге келген сапарында «облыс егіншілері, сөзсіз, жер өңдеу, астық өндіру ісінде жоғары деңгейдегі мамандар болып саналады» деп оң бағасын берген болатын. Ауыл шаруашылығы саласында қандай оң өзгерістер бар? Биылғы қуаңшылықтың кері әсерін болдырмас үшін қандай шара қолданылып жатыр?

– Елімізде өндірілетін астықтың төрттен бір бөлігі, майлы дақылдардың үштен бірі біздің облысымызға тиесілі. Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі бір жылда 27 пайызға, 613 млрд теңгеден 779 млрд теңгеге дейін артты. Егемендіктің елең-алаң шағында бұл көрсеткіш небәрі 8,7 млн теңге болатын. Жаңа кешенді бағдарлама аясында осы көрсеткішті 1 трлн теңгеге жеткізу міндетін қойып отырмыз. Ауыл шаруашылығы саласын әртараптандыру тұрақты өсімнің негізіне айналды. Мемлекет тарапынан қабылданып отырған кешенді шаралар ауыл шаруашылығын дамытуға септігін тигізуде.

Біздің облыс майлы дақылдар өндірісі бойынша елімізде көшбасшы орында. Жыл сайын 1 млн гектар алқапқа майлы дақылдар себіледі. Бұл – республикадағы барлық алқаптың үштен бірі. Күнбағыс алқаптары 70 пайызға, қарақұмық алқаптары 5 есеге арттырылды. Ауыл шаруашылығы саласын әртараптандыру міндеті орындалды, енді біз майлы дақылдарды қайта өңдеумен айналысып жатырмыз.

Биылғы қуаңшылық малға да, жанға да ауыр тиіп тұр. Мал азығы тапшылығын болдырмау мақсатында әр ауданда осы мәселені үйлестіретін жедел штабтар құрылды. Агроқұрылымдар мен әкімдіктер арасында арзан бағамен және пай есебінен жемазық сату жөнінде меморандумдар жасалып жатыр. Біз, әрине баға белгілей алмаймыз, дегенмен 1 тонна шөпті 15 мың теңгеге сатуға кеңес беріп отырмыз. Өкінішке қарай, жемазық бағасын шарықтатып, бизнес жасап отырғандар да баршылық. Әр ауданда өткізіліп жатқан жәрмеңкелерде мал азығы бекітілген бағамен сатылады. Осы күнге дейін 29 жәрмеңке өткізіліп, оған 250 агроқұрылым қатысты. Шөптің 1 тоннасы 12-15 мың теңгеге, кебек 30-50 мың теңгеге сатылды. Осы бағыттағы жұмыс әрі қарай да жалғасын табады. Жалпы, алдағы қыстан қысылмай шығу үшін 850 мың тонна шөп қажет. 5 тамызға дейін агроқұрылымдар 578,0 мың тонна немесе 68 пайызын әзірледі. Сүрлем дайындауға тамыздың екінші жартысында кіріседі.

– Облыста қандай инвестициялық жобалар жүзеге асырылады? Олардан не күтіледі?

– Солтүстік Қазақстан облысына 15 млрд теңге инвестиция тартып, 200-ден астам тұрақты жұмыс орнын ашуды жоспарлап отырмыз. Жоғарыда айтып өткендей, майлы дақылдарды өңдеу үшін маусым айында майды экстракциялау зауытының құрылысы басталды. Оның қуаты 370 мың тонна майлы дақылдарды өңдеуге шақталған. Барлық май зауыттары толық қуатта жұмыс істесе, майлы дақылдардың 90 пайызы біздің облысымызда өңделеді. Агросекторда жоғары мақсаттарға жету үшін сүт бағытын дамытудың маңызы зор. Қазақстанда соңғы үш жылда 32 сүт кешені салынса, тек Солтүстік Қазақстан облысында 12 сүт фермасы іске қосылды. Биыл тағы 16 кешен құрылысын жүргізіп жатырмыз. Соның оны жыл соңына дейін іске қосылады. Жыл сайын 10-15, жалпы 52 тауарлы-сүт фермасын ашамыз. Нәтижесінде, сүт өндірісі көлемін 598 мың тоннадан 1 млн тоннаға, яғни 1 млрд литрге жеткізуді көздеп отырмыз. Еліміздің бір тұрғыны жылына 340 литр сүт тұтынатынын ескерсек, біздің өңір 1,7 млн адамды сүтпен қамтып отыр. 1 млрд литр сүт өңдеген кезде 3 млн адам біздің тұтынушымызға айналады деген сөз. Сүт табиғи таза өнім болғандықтан, әсіресе қазіргі пандемия жағдайында тұрғындардың иммунитетін нығайту үшін өте қажет. Сондай-ақ әр үйдің дастарқанында жергілікті жерде өндірілген қаймақ, айран, ірімшік тұрғаны абзал. «Маслодел» және Eurasian milk сүт зауыттары сүт және ірімшік өнімдерін өндіретін жаңа заманауи желілерді іске қосты.

Ет өндіруге де назар аударылады. Ол үшін де инвестжобалар жүзеге асырылады. 13 мың бас малға арналған екі бордақылау алаңының құрылысы жүргізіліп жатыр. Барлығы осындай 6 алаң салынады. Сондай-ақ жылына 6 мың тонна ет өндіретін 2 құс фабрикасының құрылысы басталды. Тағы бір маңызды жоба – жылыжай кешенінің құрылысы. Бүгінде облыс тұрғындары жылына 13 мың тоннадан астам қияр мен қызанақ тұтынады. Жаңа жылыжай жылына 2,8 мың тонна көкөніс өсіруге қауқарлы.

Петропавлда қағаз өндіретін фабриканың құрылысы жүргізіліп жатыр. Онда жылына 5 мың тонна қағаз шығарылады. Бұл импортқа тәуелділікті азайтады. Біз экологиялық өндіріске бет бұрдық. Инвесторлар қағазды сабаннан жасамақшы. Қазір бүкіл әлем полиэтиленнен бас тартып, табиғатқа зияны жоқ, экологиялық таза өнімдерді қолдануға бағыт алды.

Күзде кірпіш зауытын іске қосып, құрылысшыларды жергілікті құрылыс материалымен қамтамасыз етеміз.

Осыдан бір жарым жыл бұрын құрылған «Қызылжар» арнайы экономикалық аймағында 3 ірі инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр.

Электротехникалық зауыттың ашылуы да биылғы күзге жоспарланған. Мұнда жылына 13 мың трансформатор шығарылып, экспортқа жол тартады.

Трансұлттық CLAAS компаниясы биыл алғашқы комбайндарын жинайды. Бұл комбайн бағасын екі есеге арзандатуға мүмкіндік жасамақ. Шаруалар комбайн сатып алғанда өз қаржысын үнемдесін деген мақсатпен осы жобаны жүзеге асырып жатырмыз. Заманауи техниканың көмегімен олар көктемгі егіс және күзгі орақ науқанына шығындалатын уақытты қысқартады. Танымал брендтің біздің өңірге келуі басқа инвесторлар үшін айшықты белгі. Яғни, облыстың инвестициялық тартымдылығы артып келеді деген сөз.

Арнайы экономикалық аймаққа енген мәскеулік «Велфарм» компаниясы Петропавлда зауыт салуға 15 млрд теңге бағыттамақ. Бұған дейін ламинатты фанера, жұмсақ контейнер, термос-вагон өндіретін кәсіпорындар іске қосылған болатын.

Жалпы, облыста инвестиция көлемі 1,8 трлн теңгені құрайтын 75 жобадан тұратын пул жасалды. Былтыр инвестиция көлемі 20 пайызға артып, 281 млрд теңгеге жетті. Соның ішінде шетелдік инвестиция 20 млрд теңге. Биыл тағы 400 млрд теңге инвестиция тартпақшымыз.

Жағымды инвестахуал өздігінен қалыптаспайды. Ол үшін біраз тер төгуге тура келді. Солтүстік Қазақстан облысының әкімі болып тағайындалғаннан бері инвесторлармен талай кездесу өткіздік. Біздің өңірде бизнесті дамытуға барлық жағдай жасалған.

– Тұрғындардың табысы артты ма? Қанша жаңа жұмыс орны ашылды?

– Экономикадағы тұрақтылық, әрине тұрғындардың табысының артуына септігін тигізеді. Мұны төмендегі сандардан-ақ аңғаруға болады. 2016 жылы облыс бойынша еңбекақы қоры 137 млрд теңге болса, былтыр 207 млрд теңгеге жетті. Яғни, төрт жылда 51 пайызға артты. Зейнетақы қорына төлемдер 1,9 есеге ұлғайды. Облыс бойынша орташа айлық еңбекақы 1,7 есеге артып, 2016 жылы 94 мың теңге болса, 2020 жылы 156 мың теңгені құрады. Биыл 13 мыңнан астам адам жұмысқа орналастырылды. Жаңадан 5,3 мың тұрақты жұмыс орны ашылды. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 12 мыңға жеткіземіз. Жоғарыда айтып өткен сүт фермалары 64 елді мекеннің маңайында салынып жатқанын ескерсек, екі мыңнан астам ауылдық тұрақты жұмыс орнымен қамтылады.

– Ескі үйлерді ысырып, орнына жаңа үй салудан Петропавл қаласы алдыңғы шепте. Бұл жұмыс тұрғындардың наразылығын тудырып жатқан жоқ па? Петропавлда баспана неге қымбат?

– Тұрғын үй құрылысына қатысты мәліметтерді сараладық. Соңғы 5 жыл ішіндегі сандарды салыстырсақ, тұрақты өсім байқалады. 2015 жылы 140 мың шаршы метр баспана немесе 1 мыңнан астам пәтер пайдалануға берілді. Ал былтырғы көрсеткіш бұдан үш есе артық. 306 мың шаршы метр немесе 3 300 пәтер. 12 мыңнан астам солтүстікқазақстандық қоныстойын тойлап, қуанбаса өкінген емес. 24 көпқабатты үй салынды. Биыл 23 көпқабатты үй салу жоспарда бар. Бұл – 340 мың шаршы метр немесе 3,5 мың пәтер. Былтыр облыс орталығында 48 құрылыс алаңында жұмыс жүргізілсе, биыл 56 алаң. Тұрғын үй қоры ескі үйлерді ысыру есебінен де жаңартылады. Соңғы үш жыл ішінде бір мыңнан астам үй жермен-жексен етіліп, тұрғындарға жаңа пәтер берілді. Биыл 700 шақты үйді ысыру жоспарда бар. Осы жобаның нәтижесінде қаланың көркін бұзып тұрған ескі үйлердің орнына заманауи көпқабатты баспаналар бой көтеріп келеді. Мәселен, 30 жекеменшік үйдің орнына 300-ден астам пәтер пайда болады. Облыс орталығы айтарлықтай түрлене түскеніне халық куә. Соңғы төрт жылда Петропавл қаласын дамытуға 6 млрд теңге жұмсалды. Аулалар жөнделіп, жолдар асфальтталды, тегін автотұрақтар, балалар алаңдары салынды, көшелер жарықтандырылды. Бұл жұмыс жалғасын табады. Петропавл қаласының тарихы терең. Облыс орталығы аумағында тарихи нысан көп. Олардың жартысынан астамы жартылай қираған. Осыдан үш жыл бұрын біз оларды қалпына келтіруді қолға алдық. Ол үшін иелерін іздестіріп, инвесторларды тарттық. Бизнесмендер Шамсутдинов көпестің үйін, Брусиловский көшесіндегі тарих және сәулет ескерткішін, басқа да көптеген нысанды жөндеді.

Баспана бағасының қымбаттауына бірнеше себеп бар. Бұған дейін облыс орталығында салынған үйлер аз екенін ескерген жөн. Қарқынды құрылыс тек соңғы үш жыл ішінде ғана жүргізіліп жатыр. Ал сұраныс көп. Кейбіреулер қайталама нарықтағы пәтерлердің қымбаттауына үйлері ысырылған тұрғындар үшін әкімдіктің пәтер сатып алып бергені әсер етті деп есептейді. Біз бұл мәселені де зерделедік. Былтыр Петропавлда пәтер сату бойынша 11 797 мәміле жасалған болса, соның 285-і ғана қалалық әкімдікке тиесілі. Бұл – 2,4 пайызы. Көріп отырғандарыңыздай, бұл мәселе баспана нарығына айтарлықтай әсер етпейді. Оның үстіне, біз жаңарту бағдарламасын қолға алдық. Оған сәйкес, үйлері ысырылған қалалықтарға тек жаңа үйлерден пәтер беріледі. Бұл қайталама нарықтағы пәтерлер құнының шарықтауын ауыздықтайды деген ойдамыз. Баспана қымбаттамас үшін қалаға құрылыс компанияларын тартып, көп тұрғын үй салу керек. Сондықтан біз қазір еліміздегі ірі компания – «Базис А»-мен келіссөз жүргізіп жатырмыз. Компания басшылығы коммерциялық тұрғын үй салуға мүдделі.

– Білім беру саласына ойыссақ. Бұрын елдің шетінде, желдің өтінде тұрған Петропавл қаласында қазақ мектептерінің саны саусақпен санарлық болушы еді, қазір көбейді ме? Жаңа білім ошақтары салынып жатыр ма? Балабақшалар жеткілікті ме?

– Биыл әлеуметтік саланы қаржыландыруға 177 млрд теңге бөлінсе, соның басым бөлігі – 95 млрд теңгесі білім саласына тиесілі. Біздің өңірдегі мектептердің 60 пайыздан астамы 50-80-жылдары салынған. Сол себепті соңғы екі жылда осы мәселені шешу үшін қыруар қаржы жұмсалды. 10 млрд теңгеге 249 мектепке күрделі жөндеу жүргізілді. Бұл – барлық мектептің жартысы. Биыл білім нысандарын жөндеуге 2 млрд теңге бағыттаймыз. Соңғы жылдары 3 жаңа мектеп бой көтерді. Биылғы оқу жылында тағы бір мектеп есігін айқара ашады. Сондай-ақ тағы екі мектеп құрылысы жоспарда бар. Жаңа мектептердің барлығы да қазақ тілінде білім береді.

Білім саласына бөлінген қаржы өз жемісін беріп келеді. Осының барлығы білім сапасын арттыруға, оқу үлгерімін жақсартуға септігін тигізді. Нәтижесінде, мектеп түлектерінің жоғары оқу орындарына түсу көрсеткіші жақсарды. 2017 жылы түлектердің 58 пайызы ЖОО-ларға оқуға түссе, былтыр бұл көрсеткіш 69 пайызды құрады.

Облыста 483 мектепке дейінгі білім беру ұйымы бар. 18 мыңнан астам бала мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылған. 3-6 жас аралығындағы бүлдіршіндерді балабақшамен қамту 100 пайызды құрайды. 1-3 жасар балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту үшін 2025 жылға қарай 3 мыңнан астам орын ашылады. Қазірдің өзінде балабақшалардың 95 пайызы өз мәртебесін бөбекжайбалабақша етіп өзгертті. Бұл 1-3 жас аралығындағы 4 мыңнан астам баланы қамтуға мүмкіндік жасады.

– Онкологиялық аурулар бойынша Солтүстік Қазақстан облысы алдыңғы орында. Неліктен? Бұл індеттің алдын алу және емдеу үшін қандай шаралар қолданылып жатыр? Денсаулық сақтау саласында қандай жетістіктер бар?

– Денсаулық сақтау саласында құрал-жабдықты жаңартуға басымдық беріп отырмыз. Бұл салаға 12 млрд теңге бөлінді. Бұл 2019 жылғыдан 4 есе артық. Ауруханаларға заманауи МРТ аппараттары, компьютер томографы, сандық маммографтар, УЗИ, рентген аппараттары, ангиограф сатып алынды. Бір жыл бұрын өңірде бір ғана ангиограф болса, былтыр тағы екеуі орнатылды. Бұл инсульт пен инфарктқа ұшыраған науқастарға ота жасауда аса қажет. Былтыр жаңа аппараттың көмегімен 1 200 ота жасалды.

Пандемия кезінде жаңа осы заманғы инфекциялық аурухананың бой көтергені басымызға қонған бақпен тең. 8 осы заманғы жылжымалы медициналық кешен, 38 реаномобиль сатылып алынды. Негізгі ауруханаларға 5 оттегі стансасы орнатылды. Жыл соңына дейін тағы 6 ауданда осындай жұмыс атқарылып, облыста оттегімен қамтамасыз ету мәселесі толықтай шешімін табады.

Көпбейінді заманауи аурухана құрылысы жүргізіліп жатыр. Бұл жоба медицина саласын жаңа деңгейге көтереді. Мұнда жоғары технологиялық медициналық құралдар орнатылып, заманауи ем-дом жасалады. Еліміздің аймақтары арасында Солтүстік Қазақстан облысы JCI халықаралық стандарттары бойынша аурухана салған алғашқы өңір атанбақ. Солтүстікқазақстандықтар басқа елдерге барып емделу машақатынан құтылады.

Петропавлда соңғы рет емхана 11 жыл бұрын салынған екен. Қазір осы олқылықтың орнын толтырудамыз. Қаланың шағынаудандарында өз емханалары болады.

Біздің өңір үшін өзекті мәселелердің бірі – дәрігер тапшылығы. 3 жыл ішінде облысқа 262 жас маман кеді. Биыл тағы 128 дәрігерді күтіп отырмыз. Оларға бұған дейін 1,5 млн теңгеден көтермеақы төленіп келген болса, енді бұл соманы 2,5 млн теңгеге дейін арттыру туралы шешім қабылданды.

Денсаулық сақтау саласын қаржыландыру деңгейін арттыру өз нәтижесін беріп жатыр. 3 жыл ішінде онкологиядан өлім көрсеткіші 13 пайызға, қантамырлары жүйесі ауруларынан өлім көрсеткіші – 10 пайызға, инсульт пен инфарктан 2 пайызға азайды. Сәбилердің шетінеуі 13 пайызға кеміді. Туберкулез 37 пайызға азайды. Бұл сандардың артында дәрігерлер мен жаңа құрал-жабдықтың арқасында құтқарылған қаншама адамның өмірі тұр.

Қорытындылай келе айтарым, Елбасының тапсырмасы бойынша қабылданып, ел Президенті қолдаған облысты дамытуға арналған кешенді жоспарға сәйкес облыс бюджеті 430 млрд теңгені құрады. Яғни, қазынамыз бірден 30 пайызға артты. Мұндай бюджет бұрын-соңды болмаған. Бұл қаржы әртүрлі салаға жұмсалғанымен, мақсат біреу ғана – солтүстікқазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру. Осының барлығы – ел тәуелсіздігінің арқасында қол жеткізген жемісіміз. Баршамыз үшін ерекше әрі мерейлі 2021 жылды біз елеулі әлеуметтік және экономикалық жетістіктермен атап өтуіміз керек. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Тәуелсіздіктің біздің бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шындап түсуіміз керек. Әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда» дегеніндей, бұл мерейтойды солтүстікқазақстандықтар нақты істермен атап өтеді. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та «Тәуелсіздіктің 30 жылдығы» деп жарияланған биылғы жыл даңғаза акциялар мен даурықпа шаралар өткізетін уақыт емес екенін атап өткен болатын. Біздің өңір дамудың жаңа кезеңіне аяқ басты. Алдымызда тұрған маңызды және жауапты міндеттер жетерлік. Халықтың өмір сапасын жақсарту – біз үшін басты мақсат.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Роза ШӘКЕН,
Солтүстік Қазақстан облысы

Елде кадр тапшы

Еркебұлан ДҮЙСЕБОЛАТОВ *(коллаж)*

Адами капитал – ел экономикасының теңдессіз ресурсы. Мемлекеттің заманауи талаптарға сай дамуы оның адамдарының біліктілігімен тікелей байланысты. Бірақ елімізде соңғы уақытта байқалып отырған кадр тапшылығы, оның ішінде білікті мамандардың жетіспеушілігі Қазақстанның жаһандық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін нығайта түсуге кедергі келтіріп отыр. Соңғы мәліметтерге қарасақ, елімізде, әсіресе дәрігерлер мен инженерлер жетіспейді.

Нұрлан ҚОСАЙ

АЛШАҚТЫҚ 59%

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне қарасты «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ таратқан мәлімет бойынша, шілде айында электронды еңбек биржасында 81,7 мың бос жұмыс орны мен 47,9 мың резюме орналастырылған. Мұндағы сұраныс пен ұсыныстың арасындағы алшақтық 59%-ды құрап отыр. Мұндай статистиканың еліміздегі еңбек нарығын сараптауға үлкен көмегі бар. Әйтсе де, бұл цифрлар осының алдындағы маусым айымен салыстырғанда азайған. Сол кездегі көрсеткіштерден кадрларға сұраныс, яғни бос жұмыс орындары 15%-ға, ал ұсыныс, яғни резюмелер саны 3%-ға төмендеген. Жыл басынан бергі биржадағы үлкен сұранысқа ие мамандықтардың ішінде медицина, білім беру, құрылыс, инженерия және сауда саласы мамандарының үлесі басым.

«Әсіресе, медицина кадрларына деген қажеттілік елде өте жоғары деңгейде қалып отыр. Мысалы, маусым айында денсаулық сақтау саласының қызметкерлері үшін 30 мыңға жуық бос жұмыс орны тіркелді, ал түйіндемелер саны небәрі 561 дананы құрады. Айырмашылық 50 есе. Бір жағынан бұл эпидемиологиялық жағдайға байланысты дәрігерлерге деген сұраныстың едәуір артуымен байланысты. Екінші жағынан Қазақстанда медицина қызметкерлерінің тапшылығы қаншалықты зор екені көрініп тұр» делінген орталық таратқан ақпаратта.

Резюмелердің санына қарап шілде айында кіші медициналық қызметкерлер мен мектеп оқытушылары арасында жұмыс іздеуде белсенділіктің артқанын байқауға болады. Мәселен, бір ай ішінде биржада фельдшерлердің резюмесінің саны 421-ге, мейіргерлердікі 237-ге, бастауыш сынып, шет тілі, денешынықтыру пәні мұғалімдерінің резюмесі сәйкесінше 283, 271 және 266 данаға көбейген. Медицина қызметкерлерінің арасындағы мұндай тенденцияны пандемия кезіндегі жұмыстың қиындығымен түсіндіруге болса, педагог қызметкерлердің белсенділігін жаңа оқу жылының жақындауымен байланыстыруға болады.

«Сондай-ақ Қазақстан негізінен құрылыс және өнеркәсіптік секторлар үшін қажетті жоғары сыныпты инженерлердің тапшылығын көріп отыр. Бұл жылдан-жылға Қазақстанға осы мамандық бойынша шетелдік қызметкерлердің көбірек тартылатынын дәлелдеп тұрғандай. Мысалы, өткен жылы шетелдерден 2,3 мың инженер және 1,7 мыңға жуық түрлі техник пен механик келген. Ал цифрландыру және технологияларды дамыту дәуірінде тиісінше IT саласындағы мамандарға да сұраныс артып келеді. Тек электронды еңбек биржасы алаңында жыл басынан бері осы салада 3 мыңға жуық бос жұмыс орны жарияланды», – дейді ЕРДО баспасөз қызметі.

Өңірлер бойынша айтар болсақ, аталған кезеңде Түркістан (+33%), Ақмола (+20%), Атырау (+7%) облыстарында бос жұмыс орындарының саны өскен. Қазақстанда кадрлар тапшылығын төмендету үшін 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы жұмыс істейді. Оның аясында қысқа мерзімді кәсіптік оқыту қарастырылған. Сонымен қатар халықаралық және қазақстандық білім беру алаңдарында тегін онлайн оқыту мүмкіндігі пайда болды. Айта кетер жайт, жұмыс күші артық өңірлерден жұмыс күші тапшы өңірлерге қоныс аудару бағдарламасы да жұмыс істеп тұр.

БІЛІКТІЛІК ПЕН ҚҰЗЫРЕТ КЕМШІН

Елімізде кадр тапшылығымен қатар олардың сапасы да алаңдаушылық тудырып отыр. Сарапшылар қазақстандық мамандардың құзыреті мен біліктілігі кемшін екенін айтады. Оның бір себебі – білім беру бағдарламаларының заманауи талаптарға сәйкес келмейтіні. «2025 жылға дейінгі еңбек нарығын дамыту тұжырымдамасында» бұл мәселе қарастырылғанымен, оқыту мекемелерінің әзірге әдістемесін өзгертуге құлық танытып отырғандары аз.

Сонымен бірге еңбек нарығында «техникалық машықтардың өзектілігі» деген ұғым бар. Бүгінде олардың мерзімі қысқарып келеді. Мәселен, бұрын техникалық жоғары кәсіби білім алған маман біліктілігін арттырмай-ақ 10 жылға дейін жұмыс істей беретін болса, қазіргі технологиялық прогресс уақытында мұндай «машық өзектілігі» тек екі-ақ жылға жететін болып жүр. Соның өзінде Қазақстанда жұмыс істейтін техникалық мамандардың кәсіби оқудан немесе жалпы білім беру курстарынан тек 4-5%-ы ғана өтеді.

Мұндай жағдайға алып келетін тағы бір жайт, талапкерлердің үштен екісі гуманитарлық мамандықтарды таңдайды. Ал еңбек нарығында техникалық мамандықтар үлкен сұранысқа ие. Соның нәтижесіндей бүгінде түлектердің 82%-ы немесе 371 мың адам мамандығы бойынша жұмыс таба алмай жүр.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жұмыс берушілердің аға буын өкілдерін жұмысқа алудағы және жұмыста жүргендерін ұзақ ұстаудағы құлықсыздығына алаңдап отыр. Біздің еліміздегі еңбекақы көлемінің еңбек өтіліне байлаулы болуы, олардың зейнеткерлікке шыққанға дейін-ақ жұмысқа қабілеті баяулайтынына қарамастан, өзгелерден көбірек айлық алатын жағдайға әкеліп отыр. Оның үстіне, аға буын өкілдерінің еңбек өнімділігі төмен болып келеді де, өзекті машығы болмағандықтан, бизнестің өзгеріп тұратын талаптарына қиын бейімделеді.

«Жоғары білікті кадрлардың тапшылығы Қазақстанның технологиялық прогресін қамтамасыз ете алатын және экономикалық өсуге ықпал ететін жаңашыл идеялар мен инновацияларды туғызу мүмкіндігін төмендетіп отыр. Егер инженерлер мен техникалық мамандардың жетіспеушілігі ғылыми-техникалық прогрестің баяулауына әкелсе, мұғалімдер мен дәрігерлердің жетіспеушілігі білім беру сапасына және халыққа медициналық көмек көрсетуге кері әсер етеді», – дейді ЕРДО мамандары.

Сондай-ақ Қазақстан жыл сайынғы таланттардың жаһандық бәсекеге қабілеттілігінің рейтингінде жағдайын нашарлатып алды. 2013 жылғы 46- орыннан 2020 жылы 54-орынға сырғып отыр. Рейтингте барлығы 132 ел бар. Ал халықтың ересек бөлігінің сауаттылығын анықтау үшін 2018 жылы жүргізілген PIAAC зерттеуінде Қазақстан Экономикалық әріптестік және даму ұйымы (ОЭСР) бойынша көрсеткіші орташадан анағұрлым төмен елдердің тобына кірді. Бұл зерттеуде еліміз сауатты оқудан 249 балл, математикалық білімнен 247 балл алған. Бұл посткеңестік елдерден де төмен: Эстония (276/273), Литва (267/267) және Ресей (275/270).

САУДА-САТТЫҚ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Компания) «Семей машина жасау зауыты» АҚ 100 % (жүз пайыз) жай акцияларын сату бойынша **2021 жылы 25 тамызда (Нұр-Сұлтан уақыты бойынша) сағат 11.00-де** www.gosreestr.kz Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында басталатын бағаны көтеруге арналған аукцион өткізетіні туралы хабарлайды.

Сату Компанияның Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 15 қазандағы (№6 хаттама) шешімімен бекітілген «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ активтерін сату, қайта құрылымдау Ережесіне (бұдан әрі – Ереже) және «Ақпараттық-тіркеу орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылғы 23 мамырдағы №66 хаттама) Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында мүлікті сату бойынша электронды сауда-саттықты жүргізу регламентіне (бұдан әрі – Регламент) және сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Бағаны көтеруге арналған аукционға қойылады:

Активтің атауы: «Семей машина жасау зауыты» АҚ (бұдан әрі – Актив) 100 % (жүз пайыз) жай акцияларын.

Активтің меншік иесі: «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы.

Активтің қызмет түрі: жоғары өтімді шынжыр табанды техниканы (ГТ-Т) және оның қосалқы бөлшектерін, теміржол көлігіне жинақтаушы бөлшектерін, сондай-ақ жалпы машина жасау өнімдерін, тіркеме техникасын, әртүрлі мақсаттағы металл құрылымдарын, бронетехниканың такелажды жиынтықтарын күрделі жөндеу; инженерлік техниканы күрделі жөндеу, дизельді қозғалтқыштарды құрастыру, күрделі жөндеу және т. б.

Активтің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы Глинка көшесі, 73 Г үй.

Активтің бастапқы бағасы: 1 040 186 814 (бір миллиард қырық миллион бір жүз сексен алты мың сегіз жүз он төрт) теңге.

Активтің акциялар пакетін сатып алу-сату Шартын жасасқан күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде ұзартуға жол беріледі. Төлемнің (транштың) бірінші бөлігінің мөлшері актив құнының 30%-ынан (отыз пайызынан) кем болмауға тиіс және оны сатып алушы шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде төлейді. Сатып алушының активтің акцияларын сатып алу-сату шарты бойынша төленбеген ақшалай міндеттемелерінің сомасы Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілейтін қайта ресми базалық мөлшерлемеге сәйкес индекстеуге жатады. Активтің акцияларын беру Ережелер мен шарттың талаптарына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Сауда-саттыққа қатысушыларды тіркеу тізілім веб-порталында хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және сауда-саттық басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады.

87 510 000 (сексен жеті миллион бес жүз он мың) теңге мөлшерінде кепілдік жарна «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ есепшотына енгізіледі: БСН: 050540004455, БСК: HSB**KKZKX, ЖСК: KZ946017111000000330, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.** Төлем мақсаты: **аукционға қатысу үшін арналған кепілдік жарна** (кепілдік жарна мөлшеріне банктік қызметтерді төлеу кірмейді). Банк кепілдігі ретінде кепілдік қабылданбайды.

Кепілдік жарналардың «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ шотына уақытылы түсуі мақсатында кепілдік жарнаны өтінімдерді қабылдаудың аяқталуына дейін үш күннен кешіктірмей төлеу ұсынылады.

Егер байқау жеңімпазы сауда-саттық нәтижесі туралы хаттамаға қол қоймаса, сатушы кепілдік жарнасын қайтармайды.

Сауда-саттық қорытындылары туралы хаттама – аукционның нәтижелерін белгілейтін құжат және жеңімпаздың және сатушының Активі сатуға арналған келісімшартқа қол қою туралы міндеттемелерін орындауы.

Аукцион өткізу тәртібі, сауда-саттыққа қатысуды ресімдеу тәртібі туралы, жеңімпазды анықтау шарттары туралы ережелермен «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ-ның көпшілікке қолжетімді www.gosreestr.kz сайтында жарияланған Регламентте танысуға болады.

Сауда-саттық туралы толық ақпаратты www.gosreestr.kz сайтынан немесе +7 (7172) 55-29-81 («АЕО» АҚ) және +7 (7172) 69 55 99 (ішкі 1610) («Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ) алуға болады.

Жалақы мәселесі – қоғамда жиі талқыланатын тақырып. «Педагог мәртебесі» туралы заң қабылданып, мұғалімдердің жағдайы да, жалақысы да көтеріліп, мәселе оң шешімін тапқандай. Керісінше, бұдан колледж мұғалімдері сырт қалып қойған секілді. Мектеп пен колледж мұғалімдерінің білім беру бағдарламалары ұқсас келетіндіктен, ендігі жерде олар да мектепте сабақ беруге ұмтылады. Мұндай жағдайда колледждеріміз мұғалімсіз қалып қоймай ма?

Колледж ұстазсыз қалмай ма?

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

ЖЕКЕМЕНШІК КОЛЛЕДЖДІҢ ЖЫРЫ БАСҚА

Мәселен, Жанна Төлеубайқызы 10 жыл бойы Қарағанды гуманитарлық көпсалалы колледжінде жұмыс істеген. Еңбек еткен жылдары директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушісі болған, әдістемелік нұсқау шығарып, кітап жазған. Кейіннен колледж жекеменшікке өткен соң жағдай өзгеріп сала берген деседі. Сөйтіп, педагог гимназияға жұмысқа тұрған екен.

«Колледж жекеменшікке өтіп кетті. Жалақыны директор өзі белгілегендіктен, жыл сайын 10 мың теңге ғана қосылатын. Мысалы, аталған колледжде әлі күнге жұмыс істейтін таныстарым 140-150 мың теңге алатынын айтады. Есептеп көріңіз, жоғары санатпен, 1,5 мөлшерлемемен осындай көлемде айлық алып жүр. Өз басым мұның себебін жекеменшік болғанымен байланыстырамын. Қазір гимназияда жұмыс істеймін. Жоғары санатпен, оған қоса педагог-зерттеуші дейтін статуспен, 20 сағат жүктемемен 300 мың теңгедей жалақы аламын. Біріншіден, жалақы колледжге қарағанда 2 есе жоғары. Бірақ соған сай мектепте көбірек тер төгуге тура келеді. Дегенмен осыншама жалақы алып жатқан соң барынды салып жұмыс істейсің. Жоғары жалақы педагог үшін таптырмас мотивация деген осы шығар», – дейді педагог-зерттеуші Жанар Төлеубайқызы.

Иә, бірнеше педагогпен тілдескенімізде қазір колледжден гөрі мектепте сабақ берген тиімді екенін білдік. Көпшілігі мектептің мемлекеттікі екенін, сондықтан онда жалақы жоғарылау болатынын алға тартты. Осы тұста мемлекеттік колледждердің жағдайы туралы сұрақ туады. Мысалы, Ләйлә Ерменова «Мектеп пен колледж арасындағы айырмашылық жалақыда, колледжде тек сағатқа ақша төлейді. Олар мектеп мұғалімінің айлығының 50%-ын алады» деп уәж айтты.

Бір байқағанымыз, колледжден мектепке ауысу «Педагог мәртебесі» заңы қабылданғалы бері жүзеге асқан процесс емес. Өйткені колледждегі айлықтың аз екені ұзақ жылдан бері күн тәртібінде тұр. Мұны министр де айтқан еді. Бірақ мектеп педагогінің жалақысы артқалы бері колледжден жұмыстан шығып, мектепке ауысқандар жетерлік. Мұнда да «Арқада қыс жақсы болса, арқар ауып несі бардың» кері.

«2013 жылдары колледжде 60 мың теңге жалақы алатынмын. Кейіннен мектепке ауысып кеттім. Қазір педагог-сарапшы болғандықтан, жалақыма 56 мың теңге үстемеақы қосылады. Басаяғы 230 мың теңге айлық аламын. Иә, осы жалақы мәселесі үшін колледжден жұмыстан шығып кеткенмін. Әйтпесе, колледжде сабақ беру әлдеқайда жеңіл. Қазір министр жалақыларын жоғарылатып жатқанын естідім. Колледждегі әріптестерімнің де ел қатарлы жалақы алғанын қалаймын», – дейді тарих пәнінің мұғалімі Жанна Қуандық.

ҮСТЕМЕАҚЫ БАР, БІРАҚ...

Колледж директорларымен сөйлескенімізде бірден үстемеақы бары жайлы айтады. Бірақ мектептен кейінгі білім беру жүйесіне үстемеақы енгізілгеніне көп бола қойған жоқ. Оның үстіне, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын колледждерде жалақы жағы қанағаттандырарлық болуы мүмкін. Ал жекеменшік колледждерде жағдай мәз емес сияқты.

Жалпы, колледж педагогтері 2020 жылдың қаңтар айынан бастап біліктілік тестінен өткеннен кейін айлық табысына 30-дан 50%-ға дейін үстемеақы қосылып жатыр. Министр алдағы жылдары да қосымша ақы артатыны туралы айтып жүр. Оған қоса, колледж директорлары мен директор орынбасарларының атқарған жұмысының тиімділігіне байланысты жалақысының 100%-ына дейін қосымша ақы алу мүмкіндігі бар.

Бірақ мұндайда колледжге жаңадан жұмысқа тұрған жас мамандарға тиімсіз. Себебі мектепке жұмысқа тұрған жас маманға жан-жақты қолдау бар. Тіпті, талпынсаңыз, жалақыны келесі оқу жылында айтарлықтай көтеріп алуға мүмкіндік қарастырылған. Мысалы, колледжге 2020 жылы жұмысқа тұрған жас маман модератор болуға 2022 жылдың көктемінде тест тапсыра алады. Сол аралықта азғантай жалақыға күнелтуге мәжбүр. Колледжде де «Жас маман» бағдарламасы бар. Бірақ бұл бағдарлама техникалық жабдықтау мен білім беру бағдарламасын жаңартуға ден қойған.

> *Колледждегі еңбекақының мектептегі айлықтан төмен екені көрініп тұрғандай. Сондықтан да болар, педагогтер басымдықты колледжге емес, мектепке береді. Ал «колледжде жұмыс істейтін, үстемеақы алмайтын ұстаздардың ақшасының айырмашылығы жер мен көктей» деген сөзінде де жан бар. «Сағат жүктемесі толық болса, айырмашылық жоқ» дейтіндер де табылады.*

Көпшілігі колледждегі жалақымен «жақыннан» танысқысы келеді. Осы мақсатта біз де министрлікке сұрау салып, жағдайды білгіміз келді. Баспасөз хатшысы айлық табысы жайлы ақпаратты төмендегідей түсіндіріп берді. Оның айтуынша, колледжде жұмыс істейтін педагогтің жалақысы жұмыс өтіліне, білім беру деңгейіне байланысты. Мысалы, 1 жылға дейінгі еңбек өтілі 133 мың теңге, оған қосымша біліктілік санаты үшін 30% үстемеақы алса, шамамен 170 мың теңге айлық алады. Еңбек өтілін 16 жыл деп есептесек, 150 мың теңге жалақыға 40 500 теңге үстемеақы қосылады да, нәтижесінде 190 мың теңге шығады. Егер мұғалімнің еңбек өтілі 25 жыл болса, 155 мың айлыққа 42 мың теңге үстемеақы қосылып, шамамен 197 мың теңге жалақы төленеді. Әрине, мұның бәрі шамамен есептелген дүние. Мұнда да жүктеменің маңызды рөл ойнайтынын ұмытпаған жөн.

Десе де, колледждегі еңбекақының мектептегі айлықтан төмен екені көрініп тұрғандай. Сондықтан да болар, педагогтер басымдықты колледжге емес, мектепке береді. Ал «колледжде жұмыс істейтін, үстемеақы алмайтын ұстаздардың ақшасының айырмашылығы жер мен көктей» деген сөзінде де жан бар. «Сағат жүктемесі толық болса, айырмашылық жоқ» дейтіндер де табылады. Байқасаңыз, мектептегі мұғалім сағат жүктемесіне байланысты белгілі бір уақытта ғана жұмысына барады. Колледж педагогі таңнан кешке дейін жұмыста жүруге міндетті. Бірақ мандай тері еңбегін ақтамай отыр. Бұлай жалғаса берсе, педагогтер жиналып «мектеп қайдасың?» деп тартып тұратындай. Ұстаздардың арасында «колледждің статусы жоғары болғанымен, айлығы төменгі тарифпен төленеді» дейтіні осындайда айтылса керек-ті. Статус пен еңбекақыны теңестіретін уақыт жетті емес пе?..

БАҚЫТЫН БАСҚА ЕЛДЕН ІЗДЕГЕНДЕР

(Басы 1-бетте)

Дәулет АСАУ

Еңбек ресурстарын дамыту орталығының дерегі бойынша, тек 90-жылдардың басында, айналдырған үш-төрт жылдың ішінде Қазақстаннан Ресейге 2,7 млн адам кетсе, Германияға 940,3 мың адам және Украинаға 224,4 мың адам көшкен. Әсіресе, республиканың өндірісті орталық, шығыс және солтүстік өңірлерінен толассыз ағылған. Мәселен, қоныс аударушылардың 50 пайызын Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Қостанай және Павлодар облыстарының тұрғындары құрайды. Әрине, елден көтеріле көшіп кеткендердің 90 пайызы – орыс ұлтының өкілдері.

Көш-қон үрдісі әлі де бәсеңдеген жоқ. Рас, қоныс аударушылардың орны шетелдерден келіп жатқан қандастармен толығып тұратын, тіпті бірқатар жылдары сырттан келушілердің саны кеткендерден анағұрлым көп болған.

Алайда кейінгі кездегі сырттан келетін қандастар көші сылбыр, кедергі көп. 1993 жылы егемендікке енді қол жеткізгенімізде – 60 мың, 2009 жылы 100 мыңнан аса адамды қабылдаған Қазақстан, енді Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығында – 2021 жылы тек 1 426 адамға ғана квота белгілепті. Сөйтіп, 30 жыл ішінде көшіп келген қандастардың көрсеткіші 70-75 есе құлдыраған. Тіпті, 2012-2016 жылдары қандастарды көшіріп әкелуге мүлде квота бөлінбеген?! Оның үстіне, елімізде 2012 жылдан бері миграцияның теріс сальдосы бір төмендемей қойды: 2017 жылы – 22 130 адам; 2018 жылы – 29 121 адам; 2019 жылы 32 970 адам. Жекелеген өңірлерде тұрғындардың депопуляциясы мұнан да сорақы. Ал Атырау мен Батыс Қазақстан облыстарында, тіпті одан кейін, 2017-2021 жылдары да бес жыл қатарынан бір де бір квота бермеген.

Бұл жылдары БҰҰ мәліметінше, 2017 жылғы Қазақстаннан көшіп кеткендердің саны 37 700 адам болған. 2018 жылы 41 900 адам қоныс аударған. 2019 жылы 45 мыңнан астам басқа мемлекеттерден тұрақ тапқан. Өздеріңіз көргендей, кейінгі жылдары тек теріс сальдо қалыптасып отыр. Қазақстан Бірінші Президенті Қоры жанындағы Әлем экономикасы және саясаты институты жүргізген сауалнамада сұрау салынғандардың 12,7 пайызы елден көшуді ойластырып жүрген көрінеді. Олардың 5,3 пайызы алыс шетелдерге қоныс аударуды қалаған.

2021 жылғы статистика да көңіл көншітпейді. Биылғы 5 айда Қазақстаннан 9 мыңға жуық азамат шетелге ауа көшкен. Отандастарымыздың ең көп қоныс аударған елдерінің легін Ресей бастап тұр. Терістік еліне 7 258 адам табан тіреген. Бұл – біздің республикамен біржолата ат құйрығын кескендердің 86 пайызы.

Екінші орында – Германия. Алман елін 606 адам таңдапты. Одан кейін Өзбекстан тұр, оған 124 адам жылыстаған. Мұхиттың арғы жағы – АҚШ-тан пана тапқандардың саны 119-ға жеткен. Сондай-ақ тұрақты қоныс ретінде Польша, Беларусь, Канада секілді елдерді таңдаған жандар да бар. Еуропа мен Азия елдерінде, Солтүстік және Латын Америкасында, Африкада, Кариб бассейніндегі мемлекеттерде өмір сүріп жатқан бұрынғы қазақстандықтар аз емес.

РЕСЕЙГЕ КӨШІП ЖАТҚАНДАРДЫҢ КӨБІ ҚАЗАҚТАР

Азаматтарымыздың басым бөлігі шетелдерге жұмыс іздеп барады. Оның ішінде қоңсы қонған Ресейден бақытын іздейтіндер көп. Өйткені терістіктегі көршілерде еңбекақы көлемі бізбен салыстырғанда 20-24 пайыз артық.

2019 жылы Ресейге 136 208 қазақстандық жұмыс іздеп кеткен. 2020 жылы карантин шектеулеріне байланысты олардың саны 60 461 адамға дейін азайды. Дегенмен 2021 жылы 150 мындай адам терістікке ағылады деген болжам бар. Жұмыс іздеп барған жандардың көпшілігі сол жақта тұрақтап қалуға да тырысады. Мәселен, 2016 жылы – 30 277 адам, 2017 жылы – 32 874, 2018 жылы – 36 778, 2019 жылы 39 774 Ресей азаматтығын алған. Ал 2020 жылы 43 мың адам Ресей азаматы атанған. Бұл – шағын бір қаланың халқының санына парапар. Кейінгі бес жылдың ішінде 182 мың қазақстандық Ресей азаматтығын алған.

Ресей Федерациясы Білім және ғылым министрлігінің дерегі бойынша, 2019 жылы РФ университеттерінде Қазақстаннан 74 мың студент оқыған. Ал 2018 жылы олардың саны 65,6 мың болатын. 2014 жылы терістіктегі көршіге білім қуып барғандардың қатары 50 студент екен. Осыдан-ақ Ресейге оқуға баратындар саны жылдан-жылға өсіп отырғанын көреміз. Ал студенттердің көпшілігі оқу кезінде сол елдің азаматтығын ресімдеп алады.

«Евразийский мониторинг» зерттеуіне сүйенсек, қазақстандық студенттердің оқу бітіргеннен кейін тек бестен бірі ғана елге қайтып оралады. Егер республикада жыл сайын шамамен 200 мың бала мектеп бітірсе, олардың үштен бірі жоғары оқу үшін Ресейді таңдайды(!). Яғни, жастарымыздың жаппай шетелге кетіп жатқанын осыдан білуге болады.

Бірінші Президент Қоры жанындағы Әлем экономикасы және саясаты институтының сарапшысы Айман Жүсіпованың айтуынша, олардың негізінен Ресейге көп қоныс аударуына ол жақта жоғары білім деңгейінің жоғарылығы мен қолжетімділігі себеп. Тіпті, кейбір ЖОО-лар түлектерін кепілді түрде жұмыспен қамтитын болған.

– Яғни, бұл жерде бар мәселе әлеуметтік-экономикалық жағдайға тіреліп тұр. Сонымен қатар Қазақстанда нақты жұмыссыздық проблемасы ресми статистика арқылы бүркемеленеді, – дейді сарапшы.

Еуразиялық аналитикалық клуб басшысы Никита Мендковичтің айтуынша, қазақстандықтардың көбі Ресейді іштартадымыс. Олар бұл елге нәпақы табу және туған-туыстарымен қарым-қатынаста болу үшін барады.

Ал экономист Айман Тұрсынқан өзге ұлт өкілдеріне қарағанда, шетелге қоныс аударғандар мен ниеттеніп жүргендердің көбі қазақтар екенін айтады.

«Бұған әлеуметтік сауалнама дәлел. Оның үстіне, қазақтар өте талантты, білімді болғандықтан, өзге елге тез үйренеді. Еуразияда көшпенді өмір сүрген халық үшін құрлықтың кез келген жері оған жат емес. Тез бауыр басады. Қазақтар тез тіл табуға, космополитке бейім. Оның үстіне, ТМД аумағында, оның ішінде Ресейде қазақтардың өмір сүруіне ешқандай мәдени-моральдық кедергі жоқ» деп түсіндірді экономист.

«Достар» қазақ ұлттық бірлестігінің деректеріне сүйенсек, Ресейдегі қазақ этносының саны 2010-2018 жылдары 150-200 мыңға көбейген. Оның ішінде жоғары білімді, іскер азаматтардың саны басым көрінеді. Қоныс аударушылардың ішінде жоғары білімділердің үлесі – 52 пайыз.

Енді РФ Ішкі істер министрлігі деректеріне көз жүгіртсек, 2020 жылдың есебі бойынша, Ресейде тұрғылықты тұрып жатқан және жеке басының жылжымайтын мүлкі бар қазақстандық саны 80 мыңға артқан. Бұған Еуразиялық экономикалық одақ аясында визасыз әрлі-берлі жүргендерді қосыңыз, олардың қарасы одан әлдеқайда есе көп – 500 мыңнан асқан.

АДАМ ЖАҚСЫ ТҰРМЫСТЫ ІЗДЕЙДІ

«Балық тереңді іздейді, адам жақсы тұрмысты іздейді» деген орыс мақалы бар. Әлбетте, әркім сапалы білім іздеп, жақсы тұрмыс іздеп өздері қалаған жерлеріне баруына құқылы. Әйтсе де, елден үдере көшу мемлекеттің имиджі үшін жағымсыз көзқарас қалыптастырады. Ал жастардың, білікті кадрлардың, бәсекеге қабілетті мамандардың жаппай қоныс аударуы республиканың әлеуметтік-экономикалық ахуалына теріс әсер ететіні сөзсіз. Оның үстіне, Қазақстан жер көлемінің үлкендігі жағынан әлемде 9-орында тұрғанымен, тұрғындар орналасу тығыздығы ең сирек елдер санатында. Бұл үрдіс тоқтаусыз жалғаса беретін болса, алдағы уақыттарда, тіпті халық тапшылығын сезінетін боламыз. Бір ғана мысал, Қазақстанда 1991 жылы – 16,3 миллион, ал Өзбекстанда 19 миллион тұрғын болған, енді Тәуелсіздігіміздің отызжылдығында республика халқы 19 миллионға әзер жетсе, көрші өзбектің саны 35 миллионның үстіне шығып кеткен.

Азаматтарымыздың жаппай қоныс аударуы ел экономикасына, біліміне, мәдениетіне, түптеп келгенде ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіреді. Өйткені кез келген мемлекеттің негізгі капиталы – адам. Мұны өркениет әлеміндегі көптеген елдің мысалынан көре аламыз. Мәселен, Дания, Финляндия, Швеция, Жапония, Оңтүстік Корея және Солтүстік Еуропаның бірқатар елдерінде жеткілікті қазба байлықтары болмаса да, білімді, көп санды халқының арқасында қарқынды дамып отыр. Picodi халықаралық қызмет дерегіне сүйенсек, 56 мемлекеттің арасында Қазақстанда жалақының анағұрлым төмендігін де, жан басына шаққандағы ІЖӨ-нің салыстырмалы түрде аздығын да осы мысалдармен түсіндіруге болады.

Әзірше, қоныс аударушылардың қарқынын COVID-19 індетімен байланысты шектеулер тежеп отыр, дегенмен бұл тек уақытша ғана құбылыс. Ертең елден көшіп кетушілер саны бұрынғы апатты деңгейге қайта артып кетуі ықтимал. Оны соңғы жылдардың статистикалық үрдісі көрсетіп отыр.

Сарапшылардың айтуынша, көш-қонның теріс сальдосы соңғы сегіз жыл бойы тежеусіз жалғасып келеді, ал кейінгі алты жылда ол, тіпті үдей түскен. Егер жағдай осылай жалғаса беретін болса, 2050 жылға қарай республика тағы миллионға тарта адамнан айырылып қалуы мүмкін.

ЖҰМЫС ТА, ЖҰМЫССЫЗ ДА КӨП

Жұмыспен қамту орталықтарына жүгінетіндерге қарағанда жұмыс берушілер көбейген. Бірақ елдегі жұмыссыздар саны азаймай тұр. Өйткені жеке кәсіпорындарды есептемегеннің өзінде жұмыс орындарындағы тұрақсыздық пен қысқартуға ұшырағандардың саны өскен. Жұмыссыздықты жою үшін жасалған жоба қайда? Жыл сайын бөлінген қаржының қайтарымы бар ма? Жұмыспен қамту мамандары қандай уәж айтады?

Жадыра МҮСІЛІМ

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖОСПАРЫ

Үкімет басшысы жыл басында тұрақты жұмыс орындарын құру бойынша жұмысты жалғастыру үшін жалақы мөлшерін он пайызға арттыра отырып, жұмыссыз қазақстандықтардың санын азайту керек екені туралы тапсырма берді. Ол үшін қажетті құралдар мен қаражат та қарастырылып жатқаны айтылып, биыл жұмыссыздық деңгейі 4,9%-дан аспайды деген еді. Сондықтан Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне 1 маусымға дейін 2021-2025 жылдарға арналған «Еңбек» ұлттық жобасын енгізуді тапсырды. Сонымен қатар Ұлттық экономика, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі және әкімдіктерге 1 шілдеге дейін өңірлік жұмыспен қамту карталарын әзірлеп, «Еңбек» жобасының іс-шараларын іске асыруды қаржыландыруды қамтамасыз етуге міндеттеді. Бағдарлама бойынша биыл 700 мың адам, жұмыспен қамтудың дағдарысқа қарсы Жол картасы бойынша 32 мың адамды жұмысқа орналастыру жоспарланған. Ал 440 мың адам бюджеттік инвестициялардың қатысуымен жүзеге асырылатын жобалар есебінен жұмыс табуы керек. Сөйтіп, биыл елімізде кадрларға қажеттілік 12,1 мың адам болған, бұл ретте орта және ірі кәсіпорындар 37 мыңға жуық бос жұмыс орнын ұсынуы қажет. Бұл үшін республикалық бюджеттен 104,2 млрд теңге бөлінді.

ЖАРТЫ ЖЫЛДА – ЖАРТЫ МИЛЛИОН

Жыл басында берілген тапсырманың қаншалықты орындалып жатқаны белгісіз, бірақ жуырда жеке кәсіпкерлік қызметпен айналысатындардан басқа жұмысшылардың көбісі қысқартуға ұшырап жатқаны мәлім болды. Бұл дегеніміз жұмыссыздардың саны кемудің орнына көбейгенін көрсетеді.

Жарты миллионнан астам қазақстандық бұрынғы жұмыс орындарын тастап, ірі және орта кәсіпорындарға, сондай-ақ шағын ұйымдарға ауысқан. Олардың дені жұмыстан кетуге өз еріктерімен арыз жазыпты. Биыл бірінші жартыжылдықта 502,1 мыңға жуық адам жұмыстан кетсе, бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда жұмыссыздардың саны 15%-ға артқанын көрсетіп отыр. Оның ішінде бұрынғы жұмысынан өз еркімен кеткендер көбейіпті. Бүгінде мұндай адамдардың саны – 406,4 мың. Статистикаға сүйенсек, өнеркәсіп, сауда, білім беру, денсаулық сақтау, құрылыс, әкімшілік және қосалқы қызмет көрсетуден кетушілердің саны өсіп отыр. Ал жарты жыл ішінде 9,4 мың адам қысқартуға ұшыраған. Бұл жұмыссыз қалғандардың қатары былтырмен салыстырғанда 22,7%-ға өскенін көрсетеді. Бұдан бөлек, 3,8 мыңнан астам қызметкер еңбек тәртібін бұзғаны үшін жұмыстан босатылыпты. Өнеркәсіп, көлік және қойма, құрылыс, сауда, мемлекеттік басқару, қорғаныс және әлеуметтік қамтамасыз ету орындарынан 250 қызметкер жұмыстан қуылған. Сонымен бірге, былтыр 6 айда кәсіпорынның таратылуына байланысты 1,4 мыңнан астам адам жалақысынан айырылған. Бұл да өткен жылмен салыстырғанда 7,4%-ға көбейгенін көрсетеді. Олардың басым көпшілігі тағы сол мемлекеттік басқару, қорғаныс және әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау, көлік және қоймалау, білім беру саласында еңбек еткендер. Бұдан бөлек, отбасылық жағдайларға байланысты жұмыстан кетуге мәжбүр болғандар саны 1,9 мың адам болып отыр. Ал 268 қызметкер өз саласында біліктілік көрсеткіші төмен болғаны үшін қысқартуға ұшырағаны белгілі болды. Жұмыстан басқа да себептермен босатылғандар 78,9 мың адамға жеткен. Дегенмен бұл статистикалық көрсеткішке кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шағын кәсіпорындардың қызметкерлері есепке алынбаған.

ЖАЛҒАН ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛҒАН

Есте болса, бірер ай бұрын «Еңбек» бағдарламасы аясында жалған жұмыспен қамту және есептермен айла-шарғы жасау дерегі анықталды. «Nur Otan» партиясының партиялық бақылау комитеті жұмыссыздарды жалған жұмыспен қамту фактілері, жұмыспен қамту орталықтарындағы есептермен айла-шарғы жасау және бюджеттік кредиттерді мақсатсыз пайдалануды қамтитын бірқатар бұзушылықтың былығын ашып берді. Мәселен, 2019 жылдың өзінде ғана жалған жұмыспен қамтылған 118,8 мың адам анықталыпты. Мәжіліс депутаты Әлия Әбсеметованың айтуынша, жұмыс берушілер өз қызметкерлерін жұмыстан шығарып, оларды жұмыспен қамту орталықтары арқылы әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырған. Яғни, жұмыс істеп жүрген адамдар бұрынғыдай жұмысын жалғастырып жатыр, бірақ мемлекет олардың жалақысының 35%-ын субсидиялайды. Осылайша, жұмыс берушіден жауапкершілік пен шығындарды алып тастап отырған. Соңғы төрт жылда республикалық бюджеттен шамамен 600 млрд теңге бөлінген. Алайда бағдарламаның нысаналы индикаторлары бір-біріне ұқсас болғандықтан бюджет қаражаты мақсатсыз жұмсалып келеді. Бағдарлама аясында оқытылған жастардың тек 25%-ы ғана мамандық бойынша жұмысқа орналасыпты. Ал прокуратура органдары жұмыспен қамту үшін берілген 1,3 млрд теңгенің негізсіз мақсаттарға бөлінгенін, 555,3 млн теңгеге бюджеттік несиелерді мақсатсыз пайдаланудың 180 фактісін анықтады.

> *Көптеген салада жұмыс берушілер біліктілікті талап етеді. Ал жұмыссыздардың қатарында біліктілігі жетіспейтіндер көп. Дәрігерлерге де сұраныс болғанымен, кез келген адамды денсаулық сақтау саласына жібере алмаймыз. Оның үстіне, айлыққа да келіспейтіндер жетерлік.*

САПАЛЫ ӨЗГЕРІСТЕРДІ БАЙҚАУ ҚИЫН

Мәжілісмен Айқын Қоңыров «Жұмыспен қамтудың жол картасы» аясында жасалған жұмыс орындарының 86%-ы уақытша болғанын айтты. Бұл үшін былтыр шамамен 1 трлн теңге бөлінген. «Еңбек нарығында сапалы өзгерістерді байқау қиын. Қазіргі бағдарламалар ағымдағы проблемаларды шешудің, азаматтарды уақытша жұмысқа орналастырудың жедел құралы ғана болып отыр. Өйткені жұмыссыздарға көбінесе маусымдық құрылыс пен жөндеуге байланысты жұмыстар ұсынылады. Бұл «Еңбек» бағдарламасына да қатысты. Жекелеген өңірлерде жалған жұмыспен қамтылу пайызы 13-17%-ға дейін жетеді, ал тұрақты жұмыс орындары шамамен 40%», – дейді депутат.

Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров жұмыссыздықты жоюдың жалғыз жолы жұмыс орындарын көбейту екенін айтады. Ол үшін орта және кіші бизнесті, өндіріс орындарын арттыру керек. Алайда дәл қазір пандемияға байланысты өндіріс орындары да, орта және кіші бизнес те ақсап тұр. Қызмет көрсету саласы, оның ішінде дәмхана мен мейрамхана жабық. Елдегі жұмыссыздықты ауыздықтай алмауымыздың бір себебі осы. Оны реттеудің амалы – жұмыссыздарды қоғамдық жұмысқа қамту. Екіншіден, карантин талаптарының күшін жою үшін қалыпты жұмысқа оралу керек. Ол үшін халық тезірек екпе алуы тиіс.

БІЛІКТІЛІГІ ТӨМЕНДЕРГЕ БОС ОРЫН АЗ

Еңбек ресурстарын дамыту орталығының бас сарапшысы Айжан Мұқышбаева жұмыссыздық деңгейі уәде етілгендей 4,9 пайыздан аспаған деп отыр. Керісінше, былтырмен салыстырғанда төмендеген. Бүгінде жұмыспен қамту орталықтарында 223 481 адам тіркеліпті. «Жұмыс берушілер тарапынан өтініш жаз айларында көп түседі. Мысалы, мамыр, маусым, шілде айларында бос орындар артты. Ауа райының жылуына байланысты ауыл шаруашылығы мен құрылыс саласында жұмыс қыза түседі. Ал кейде түйіндемелер жұмыс берушілер қойған талаптарға сәйкес келмейді. Ауыл шаруашылығы мен құрылыс саласында айлық төмен. Сондықтан жұмыссыздар бірнеше ай жұмыспен қамтылмай жүреді. Маусым айында сауда-саттық бойынша бос орындар көбейді», – дейді Айжан Мұқышбаева.

Көптеген салада жұмыс берушілер біліктілікті талап етеді. Ал жұмыссыздардың қатарында біліктілігі жетіспейтіндер көп. Дәрігерлерге де сұраныс болғанымен, кез келген адамды денсаулық сақтау саласына жібере алмаймыз. Оның үстіне, айлыққа да келіспейтіндер жетерлік. Айжан Мұқышбаева «Ең төменгі біліктілік бойынша аз жалақы – 42 500. Бұл ешқандай оқу орнын бітірмегендерге беріледі. Ал колледж бітіргендерге, яғни кәсібилігі орта деңгейдегі бос орындардың жалақысы – 150 мың, жоғары тәжірибелі мамандарға 250 мыңнан жоғары жалақы ұсынылады» деп отыр.

Есепке сенсек, елдегі жұмыссыздарға мүмкіндік көп секілді. Әйтсе де, мемлекеттік бағдарламалардың бағыты дұрыс болғанымен, іске асуына келгенде кемшіліктері көп екені жиі айтылады. Сол үшін халық қалаулылары айтқандай, жұмыссыздықпен күресу үшін бір-біріне ұқсас бағдарламалардың бағытын өзгертіп, бақылауды күшейткен жөн болар еді.

Елімізді қара алтынмен бірге қара уылдырығымен тамсандырып, әлемге әйгілі еткен балық саласының бүгінгі ахуалы оншалықты жақсы емес. Жайық өзенінің тартылуы, балықтардың тағылықпен ауланыуы, уылдырық шашатын жерде су болмай, жағаға шығып қалуы әрі белгісіз себептермен уланып жатқаны – ең үлкен күрделі мәселеге айналды. Балықты сақтаудың бір ғана жолы бар, ол – уылдырықтан шабақ өсіріп, су айдынына жіберу.

Бекіре өсіретін зауыттардың халі мүшкіл

Тұрсын ЖҰМАБЕККҚЫЗЫ

Балық шаруашылығы саласында қызмет ететін мамандар уылдырықтан шабақ өсіріп, жыл сайын Жайық өзені мен Каспий теңізіне жібереді. Екі зауыттан кем дегенде 7 миллион шабақ жіберіледі. Жуырда екі зауыт дәстүрлі түрде мәпелеп өсірген шабақтарын Жайық өзеніне жіберді. Дегенмен зауыттардың жайы мәз емес. Ел Үкіметі қазірден назар аудармаса, зауыттардың жұмысы тоқтап қалуы мүмкін екенін мамандар айтып жатыр.

Оған не себеп? Айталық, «Жайық-Атырау бекіре балық өсіру зауытының» жобасын 1979 жылы КСРО Балық шаруашылығы министрлігіне қарасты «Гидробалықжоба» институтының Астрахан бөлімі жасаған болатын. Нысанның құрылысын 1985 жылы Жайық өзеніне тасталып отырған зиянды заттардан келетін шығынды өтеу үшін Орынбор гелий зауыты бастаған. Ол 1998 жылы пайдалануға берілді (ҚР Үкіметінің 1998 жылғы 16 қыркүйектегі №909 қаулысы). Кәсіпорынның қызметі – Жайық-Каспий бассейнінде бекіре балығының түрлерін қолдан өсіру және шабағын шығару. Яғни, «Орман ресурстарын және жануарлар әлемін басқару, сақталуын қамтамасыз ету және дамыту» бюджеттік бағдарламасы аясында құнды балық түрлерін көбейтуді көздейтін мемлекеттік тапсырыстарды орындаумен айналысады.

Жобалық қуаты – жылына 3,5 млн дана бекіре тұқымдас балықтың (бекіре, ақсерке, шоқыр, қортпа, сүйрік) шабағын өсіру. Зауытта 94 адам жұмыс істейді.

> *Кәсіпорындағы қондырғылардың бәрі тозып, әупірімдеп жұмыс істеп тұр. Зауыт басшылығын да, мамандарды да толғандыратын мәселе – тоғандарға су жеткізетін 4 сорғының әбден ескіруі. Үздіксіз 8 сағат су айдайтын техника қазір бар-жоғы 3 сағат ғана жұмыс істейді.*

«Жайық-Атырау бекіре балық өсіру зауытының» директоры Ғилман Сәрсемалиевтің айтуынша, зауытта жаңғырту жұмыстары жүргізілмеген. Бар болғаны өңірдегі ірі кәсіпорындардың демеушілігімен зауыттағы құрылғыларды ішінара жаңарту жұмыстары жүргізілген.

Ал 2010 жылы уылдырықтан 20-25 грамм шабақ өсіріп, өзенге жіберіп, тарихи оқиғаға куә еткен «Атырау бекіре балығын өсіру зауыты» РМҚК-нің жағдайы тіпті ауыр. Аталмыш зауыт 1998 жылы Жайық өзенінің атырабында компенсациялық нысан ретінде салынып, пайдалануға берілген. 2007 жылғы 26 ақпандағы №144 қаулыға сәйкес «Жайық-Атырау бекіре балық өсіру зауыты» РМҚК-ге қосылып, қайта құрылған.

ЖӨНДЕУ КӨРМЕГЕН ЗАУЫТТАР

Үкіметтің 2011 жылғы 1 қарашадағы №1252 қаулысымен «Жайық-Атырау бекіре балық өсіру зауыты» бөлек еншісін алады да, «Атырау бекіре балық өсіру зауыты» қайта құрылады.

Кәсіпорынның қызметі – бекіре балығын өсіру және оның шабақтарын Жайық-Каспий бассейніндегі су қоймаларына жіберу.

«Атырау бекіре балық өсіру зауыты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының негізгі міндеті – мемлекеттік тапсырыс аясында бекіре тұқымдас балықтардың шабағын өсіріп, Жайық өзеніне жіберу.

«Атырау бекіре балық өсіру зауытының» жобалық қуаты жылына бекіре тұқымдас балық түрлерінің салмағы 3 грамдық 3,5 млн данасын өсіруге жетеді. Брендке айналған бекіре балығын өсіретін зауыттың күйі адам аярлық жағдайда. Зауыт ашылғалы бірде-бір рет жөнделмеген. Кәсіпорындағы қондырғылардың бәрі тозып, әупірімдеп жұмыс істеп тұр. Зауыт басшылығын да, мамандарды да толғандыратын мәселе – тоғандарға су жеткізетін 4 сорғының әбден ескіруі. Үздіксіз 8 сағат су айдайтын техника қазір бар-жоғы 3 сағат ғана жұмыс істейді.

«Атырау бекіре балық өсіру зауытының» директоры Рашиден Қалидуллиннің айтуынша, тоғандарға су жеткізетін сорғылар алғашқы қалпындағыдай су сора алмайды. Себебі жаңарту жасалмағаннан кейін қондырғы өзінің күшін азайта береді. Қондырғыны қайта-қайта жөндеуден өткізу сөзсіз шығынға әкелуде. Тозығы жеткен сүзгілер мен тоғандардың, су көліктерінің де жағдайы мәз емес. Бес жыл сайын жөнделуі тиіс кемелердің бірде-бірі жаңартылмаған. Үшеуі істен шыққан. Тиісінше, мұның өзі еңбек өнімділігін арттыруға кедергі болуда.

«Атырау бекіре балық өсіру зауытының» цех меңгерушісі Г.Шайдуллинаның айтуынша, тоғандар мен сүзгілердің тозығы жеткендіктен, балықтарға жақсы кислород келмейді. Өз ісінің шеберлері тозығы жеткен зауытқа қарамастан, биыл да мемлекеттік тапсырысты артығымен орындады. 3 млн 500 мыңнан астам шоқыр балығының 8-9 грамм шабақтарын Жайық өзеніне жіберді. Қосымша табиғат пайдаланушыларға 13,7 грамм салмақты шабақтар жіберілді. Егер кәсіпорын бастан-аяқ жөнделсе, қызметкерлер шабақ қорын молайтып, рекордтық көрсеткішке жетуді көздейді.

БЕКІРЕНІ САҚТАП ҚАЛДЫ

Бекіре тұқымдас балықтардың су айдынынан жойылып кетпеуіне «Атырау бекіре балық өсіру зауыты» РМҚК-ның балық өсірушілерінің еңбегі орасан. Айталық, 2010 жылы Атырауда еліміз бойынша балық шаруашылығында бұрын-соңды болмаған тәжірибе өз нәтижесін берді.

Бекіре өсіру мамандарының қол жеткізген осы табыстары балық өнеркәсібі туралы тарих парағына ерекше айшықталып жазылып қалды.

«Атырау бекіре балық өсіру зауыты» РМҚК мамандары шабақтарды өзенге жіберу маусымын сол жылы кешіктіргенімен, бұрынғы 3 грамдық шабақтардың салмағын 20-25 грамға жеткізді. Ал салмағы әжептәуір шабақтың ұзындығы 22 см жетіп қалған.

Қазір ауланған балықтарды зауытта арнаулы сканер арқылы тексеру жүргізілуде. Теңізге жіберілген «құжатталған» шабақтарға қайта келер болса, мамандар оның 2010 жылдан бері қанша салмақ жиғанын, дене бітімі қаншалықты өзгергенін, оның қай жерде ауға түскені туралы барлық ақпаратты жинақтап, сақтайтын болады.

Дегенмен 2010 жылы балық шаруашылығын дамытуда жасанды ұрықтандыруды дамытып, осылайша балық қорын көбейтуді мақсат етіп отырған екі зауыттың жаңғыртылуы туралы айтылған жоспарлар бүгінге дейін орындалмады. Нақты айтсақ, Елбасының табиғи байлықты сақтау және оны көбейту туралы тапсырмасына сәйкес, 2001-2014 жылдары Атырау өңірінде бекіре өсіру зауытының жаңа жобасы салынып, пайдалануға беріледі деген жоспар сөз жүзінде қалып қойды.

Қара уылдырықтан шабақ өсіріп отырған екі зауыттың мүшкіл халі елімізге мәлім. Бұл проблеманың өзекті екенін сала комитеті де біліп отыр. Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Балық шаруашылығы комитеті төрағасының орынбасары Алмас Асылбеков сұхбатында: «Кәсіпорынды қайта жаңғырту үшін ұсыныс беріледі, мақұлданса 2026 жылы жөнелуі тиіс. Қазір жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленіп жатыр. Қорытындысы оң болған жағдайда, қаражат сұралады» депті.

Дегенмен халық та, балық саласы мамандары да, жобалардың техникалық-экономикалық негіздемеден әріге аса алмайтынынан әбден ығыр болған. Айталық, 2016 жылы бұл мәселе туралы Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ерлан Нысанбаевтың да мәлімдемесі есімізде қалыпты. Ол «Қазір Жайық-Атырау бекіре балық өсіру зауытын қайта жаңарту жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін түзету аяқталды және ТЭН бойынша қыркүйек айында сұрау салу түрінде қоғамдық тыңдау аяқталды. Мемлекеттік сараптамадан өткеннен кейін «Жайық-Атырау бекіре балық өсіру зауытын» қайта жаңартуға жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу үшін қаражат бөлу туралы мәселені шешуге Ұлттық экономика министрлігіне енгізілетін болады» деп еді.

P.S. Жылда Атырау, Маңғыстау облыстарында көктем мен күзде «Бекіре» шарасы өтеді. Одан бөлек, тағылықпен ауланатын балықтардың дені – бекіре тұқымдас балықтар. Соған қарамастан жергілікті балық шаруашылығы мамандарының бекіре тұқымдас балықтарды сақтаудағы еңбегі ерен. Қазір Жайық өзенінің жағдайы аянышты жағдайда. Өзен суының таязданыуы жалғаса берсе, шабақтарды өсірудің маңызы бола қояр ма екен? Бәлкім, екі зауытты жаңғыртудан өткізбеудің салдары келешекте шабақтарды өсіруге бөлінетін лимиттің тоқтауына әкеп соқпай ма? Біздің қауіп – осы.

Атырау облысы

Құқық саласында да түрлі тәжірибеге баратындар бар. Мүмкін нәтижесін беріп қалар. Жақында түрмеге жылқыны да кіргізді. Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті «Ит анашаны тапқанда, атпен неге жерасты қазбасын таппаймыз» деген екен-мыс...

Жылқы түрмеде не істеп жүр?

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

КӨП ОҚЫДЫ МА?

Марқұм жазушы Қабдеш Жұмаділов «Орбұлақ шайқасы деген тарихта болған емес» деген мақаласында: «Ал енді «Орбұлақ шайқасы» атты фильмге келейікші. Ашығын айтайын, фильм маған ұнамады. Өйткені концепциясы жалған, баяндалатын оқиға жалған... Сол баяғы окоп! Өздерінше шындыққа жақындатпақ болып, «окоптың» бетін қамыспен, бұтамен жапқан болыпты... XVIII ғасырдағы атты әскер соғысында окоп не бітіреді? Сезімтал жылқы жануар қазылған ұраға өлсе де баспайды. Жарайды, алғашқы екпінмен он-жиырмасы құлады дейік. Қалған әскер кейін серпілмей ме? Бұл маңайда биік тау да жоқ. Қалың қол Белжайдың белбелесінен шауып өте бермей ме? 50 мың атты әскер окоптағы аз сарбаздан қалай жеңіледі?» деген болатын. Бұл жерде киноға да, окопқа да тірелейін деп тұрған біз жоқ, тек «департаменттегілер де осыны оқып алды ма?» деген ризашылық қой. Олай болса, неге қуанбасқа? Ал оқымаған болса, тарихты да, жылқы малының сезімталдығын да біліп отыр. Департаменттегілер «не істеді?» дейсіз ғой...

ҚАЗЫНА ЕМЕС, ҚАШУҒА АРНАЛҒАН ҚАЗЫЛҒАН ЖЕР ҒОЙ ІЗДЕГЕНІ

Қарағанды облысының түрмесінде сотталушылар қашып шығу үшін қазған жасырын жерлерді анықтауда. Міне гәп, қайда? Олардың іздегені қазына емес. Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментіне қарасты АК-159/11 мекемесі режимдік бөлімінің қызметкерлері 6505 әскери бөлімінің 4-атқыштар батальонының әскерилерімен бірлесіп, сотталушылардың күзетіліп отырған нысаннан қашып кетуіне жол бермеу мақсатында, жерастынан қазылған жасырын орындарды анықтау үшін жылқы малын пайдаланып келеді.

«Осындай тәжірибе тұрақты түрде барлық түзеу мекемелерінде жүргізіліп, абақтыдан қашудың жолын кесуге көмектеседі. Егер жүріп келе жатқан жануар кенет тоқтай қалса, бұл қызметкерлерге сол жерді мұқият тексеруге себеп тудырады. Себебі жылқы жерастында қуыс, ойылған жерге баспайды» деп мәлім етті АК-159/11 мекемесі режимдік бөлімінің бастығы Әсет Шаймерденов. Тексеру барысында қазылған орындар анықталған жоқ.

КИНОНЫ КӨП КӨРДІ МЕ?

Жылқы малы сезімтал, жерасты қазылған орынмен жүрмейдіміс. Олай болса, мұны басқа елдерге де айтуымыз керек шығар?! Өйткені былтырғы жылдың қыркүйек айында Дағыстанда түрмеде отырған 6 адам жерасты жолын қазып, қашып кеткен болатын. Не де болса, «Побег из тюрьми» деген кинодың табынушылары болса керек. Бұл туралы Ресейдің федералдық қылмыстық-атқару қызметінің өңірлік басқармасы мәлім етті. Үңгір тексеріс кезінде анықталған. «Бірден жаза өтейтіндердің санағы жүргізілді, оның барысында алты адамның жоқ екені анықталды» деп дабылдатты сақшылар. Қашқындарды іздестіруге Дағыстан бойынша федералдық қылмыстық-атқару қызметі басқармасының жеке құрамы жұмылдырылды. Уақытша іздеу бекеті құрылып, бағдар берілді. «Ізін суытпай резервтік топтар мен іздеу топтары жіберілді» деп хабарлады ведомство. «360» телеарнасы өз дереккөздеріне сілтеме жасай отырып, колониядан қашқан жаза өтеушілердің 8-ден 15 жылға дейін бас бостандығынан айырылғандар екенін мәлім етті. Олардың екеуі «кісі өлтіру» бабы бойынша сотталған. Құрығы ұзын құқық қорғаушылар қашқындарды ұстады-ау. Бірақ «қырағы» күзетшілер солармен бірге отыратын болса керек...

ЖЕРҮСТІМЕН ҚАШҚАНДАР...

Айтамыз-ау. Жерді қазып не керек? Жерүстімен қашып кетуге де болады. Сондай оқиғаның бірі жақында тіркелді. Қарағанды облысында түрмеден қашып кеткен сотталушы үш айдан кейін қолға түсті. Ол осы уақытқа дейін Жаңаарқа ауданындағы қыстақтардың бірінде жасырынып келген. Ұрлық жасағаны үшін АК 159/20 колониясында жазасын өтеп жүрген ер адам мекеменің сыртындағы нысандардың біріне жұмысқа орналастырылған. Сондықтан да күнделікті таңертең жұмысқа барып, кешке өзге сотталушылармен бірге қайтып жүрген. Әйтсе де, 11 мамыр күні ол үш серігімен бірге жоғалып кетеді. Осыдан соң жедел-іздестіру шаралары басталып, қашқындардың екеуі қолға түскен. Ал үшінші сотталушыға іздеу жариялады. Жедел-іздестіру шаралары барысында мекеменің қауіпсіздік қызметі Жаңаарқа аудандық полиция бөлімі мамандарымен бірге қыстақтардың бірінен сотталушыны тапты. Қазір сотталушы уақытша ұстау абақтысына жабылды.

Әрине, бұл түрмеден қашқандардың санын азайтар. Дегенмен жақында еркіндікті аңсаған тұтқын дуалдан да секіріп кетті. Оған қандай амал ойлап табамыз?!

Қарағанды облысы

Құрылыс қарқыны жақсы, сапасы жоғары

Жетісулық құрылысшылар биылғы кәсіби мерекені де толайым табыспен қарсы алды. Соңғы жылдары Алматы облысындағы құрылыс саласы өңір экономикасындағы жетекші әрі дамыған салалардың біріне айналды. Облыста жыл сайын жаңа әлеуметтік маңызы бар нысандар, тұрғын үйлер көптеп салынуда. Соған сай өңірдің келбеті өзгеруде, барлық жерде халықтың тұрмыс жағдайы жақсарып, жыл сайын мыңдаған отбасы қоныс тойын атап өтуде. Облыс орталығы Талдықорған қаласы соңғы он жылда адам танымастай болып өзгерді. Қаланың әр тарапындағы бос жерлерде сәулетті де дәулетті қалашықтар бой көтерді.

Болат АБАҒАН

Өңір басшысы Амандық Баталов өзі де білікті құрылысшы болғандықтан, құрылыс саласына көп көңіл бөледі. Соңғы бірнеше жылда облыста қалалар мен аудандар бөлінісінде жаңа шағынаудандар, тұрғын үй алаптары, аса маңызды әлеуметтік және экономикалық нысандар тұрғызылуда. Облыс орталығының өзінде ғана осы бағытта аса ауқымды жұмыстар атқарылды. Соңғы бес жылда облыс орталығында бұрын-соңды болмаған құрылыс қарқыны байқалды. Олардың арасында студенттерге арналған жатақханалар, заманауи драма театр, көрме орталығы, жүзу бассейні, жаңа шағынаудандар, көпсалалы аурухана, жастарға қызмет көрсету орталығы, музыка мектебі, жалпы орта білім беру мекемелері, сұлу субұрқақтар мен тағы да басқалары бар.

Әр нысан өзінің ерекше сәулетімен айшықталады. Олардың бірі – жүзіп келе жатқан алып балықты көзге елестетін олимпиадалық типтегі жабық жүзу бассейні. Әлемдік стандартқа сай олимпиадалық бассейн қаланың оңтүстік-батыс тұрғын алабында орналасқан. Жоба мемлекеттік-жекеменшіктік әріптестік аясында жүзеге асырылыпты. Жабық бассейннің жалпы ауданы – 13 мың шаршы метр. Әлемдік талапқа жауап беретін 3 бассейні бар. Ең үлкенінің ұзындығы – 52 метр, ені – 25 метр. Амфитеатр түріндегі мінбелерден 500-ден астам адам спорттық сайыстарды тамашалай алады.

Талдықорғанға Алматыдан келетін күрежолдың бойында салынған коттедж қалашығында 2019 жылдан бастап 35 мың шаршы метрден астам тұрғын үй тұрғызылды. Осы жобаны іске асырудың арқасында 400-ден астам отбасы көптен күткен баспанаға ие болды. Бірінші кезекте тұрғын үй кілттерін халықтың әлеуметтік осал топтары алды. Болашақта қалашықта мектеп, балабақша, аллеялар, сауда орталықтары салынады.

Көпқабатты үйлердің құрылысы да қарқынды. Облыс орталығының оңтүстік-батыс алабында 30 үй тұрғызылуда. Олардың қатарында көп бөлікті, әртүрлі биіктіктегі кешендер мен әкімшілік ғимараттары бар.

– Мемлекеттік бағдарламаларды сәтті жүзеге асырудың арқасында біздің өңірде экономика нығайып, инфрақұрылым жақсарып, қалалар мен ауылдардың өмір сүру деңгейі мен келбетін барынша арттыратын жаңа әлеуметтік және мәдени нысандар пайда болады, – дейді Талдықорған тұрғыны Бану Ибрагимова.

Биыл елорда күніне орай Алматы облысында 200 отбасы пәтер кілтін алды. Тек облыс орталығында емес, Қапшағай қаласында, Еңбекшіқазақ, Іле аудандарында да қоныс тойы болды.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Жамбыл ауданында амбулатория, Іле ауданында мектеп ашылып, Текелі қаласында қонақүй кешені іске қосылды.

Жалпы, Алматы облысы республика бойынша тұрғын үй құрылысы көрсеткіштері бойынша көш бастап тұр. Тек өткен жылы «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша облыста 957,1 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Тұрғын үйге қатысты мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру барысында 2 396 отбасы баспаналы болды. Егер осы қарқын сақталса, 2025 жылға дейінгі жоспар бойынша облыста 5,4 млн шаршы метр тұрғын үй салынады. Оның ішінде «Нұрлы жер» аясында 1,1 млн шаршы метр баспана тұрғызылса, коммерциялық бағытта 58 мың пәтерлік көпқабатты үй салу жоспарланған. Бұлардың 5 мыңы «7-20-25» мемлекеттік бағдарламасы аясында іске асырылады. Ойға алғандар орындалса, төрт жылдан кейін облыс бойынша әлеуметтік осал топтардағы 3 мың азамат пен 5,5 мыңға жуық көпбалалы отбасы баспанамен қамтамасыз етіледі.

Өңірде спорт нысандарын іске қосу да ұмыт қалмайды. Барлық аудан-қалаларда үлкен немесе шағын денешынықтыру-сауықтыру кешендері пайдалануға берілуде. Облыстағы елді мекендерде жаңа көшелер бой түзеп, аулалар абаттандырылуда, саябақтар мен саяжолдар жабдықталып, көгалдандырылуда, инфрақұрылым барынша нығайтылып, жаңа балабақшалар, мектептер мен ауруханалар салынуда.

Алматы облысы

Бұқаралық спорт та ақсап тұр

Спорт саласына түбегейлі реформалар қажет екенін Токио Олимпиадасы дәлелдеді.Барлық жауапкершілікті кәсіби спортқа жүктеп, реформа күтіп, қол қусырып отыруға болмас. Бұқаралық спорт – спорт саласының ең маңызды іргетасы. Оны дамытпай, ел спорты Олимпиада тәрізді белестерді бағындыруы мүмкін емес. Дегенмен халқымыз спортты серік етіп жүр ме? Токиода ақсаған спортшыларымыз секілді бұқаралық спортымыз да аяғын нық баса алмай жүргендей.

Мадияр ТӨЛЕУ

ОЛИМПИАДАЛЫҚ СПОРТҚА ҚАРЖЫ ШЫҒЫН

Еліміз олимпиадалық спортқа мол көлемде қаржы бөледі. Мәселен, Мәдениет және спорт министрлігі ұсынған дерек бойынша, Қазақстан спортшылардың жаттығуына жыл сайын кемінде 10 миллиард теңге шығындайды. Ал Токио Олимпиадасы жақындаған тұста, былтыр еліміз осы мақсатта 15 миллиард теңге бөлген екен. Бірақ осыған қарамастан биылғы Олимпиадада спортшылардың көрсеткіші қандай болғанын білеміз. Мол қаржыға қарамастан, ел құрамасының нәтижесі тым нашар болды. Дегенмен бөлінген ақшаның игілігін кім көріп жатыр? Былтыр Мәжіліс қабырғасында осы төңірегінде дау туған. Депутаттар олимпиадалық спорт түрлеріне бағытталған қаржы спортшылардың жаттығуына емес, менеджерлерге жұмсалып жатқанын айтып, сынаған болатын. Бір қызығы, жуырда Олимпиададағы сәтсіздікке қатысты сын көбейген тұста Мәдениет және спорт вице-министрі Ерлан Қожағапанов «4 жылдықтың басты додасы үшін бөлінген ақша аймақтағы әкімдіктердің кәсіби спортқа бөлетін қаржысынан әлдеқайда аз» екенін жеткізген еді. Бұл сөз бір жағынан ақталу іспетті болғанымен, шынында да кей облыстағы әкімдер жергілікті бюджеттің 60-70 пайызын футбол клубтарына құйып жататыны жасырын емес. Одан Қазақстанда аса оңып кеткен бір футбол клубын көргеніміз жоқ. Мұнымен қоймай, легионерлерге үміт артамыз. Сөзіміз жалған болмасын, қаражатты үйіп-төккенімізбен, 60-70 мың көрермен сыйғыза алатын стадион салмадық. Елдегі алаңдардың түгеліне дерлік жасанды төсеніш төселген. 2019 жылы жазда қызылордалық «Қайсар» командасы Шымкенттегі Қажымұқан Мұнайтпасов атындағы орталық стадионда кипрлік АПОЭЛ командасын қабылдады. Сонда алаңның жаз мезгілі бітпей жатып, сап-сары түске боялғанын байқадық. Аталған стадион – еліміздегі ең үлкен стадиондардың бірі. Кезінде шаһар басшысы болған Ғабидолла Әбдірахымовтың сол алаңды жаңартуға 40 миллион АҚШ долларын жұмсады дегенді естідік. Бірақ жаңарған түгі жоқ, әлі күнге дейін ескі қалпында тұр. Қалған өңірлердегі алаңдарға да жөндеу жұмыстары жиі жасалады, бірақ 2-3 жылдан кейін қайта тозып кетеді.

Енді олимпиадалық спорт түрлерінің жағдайына қайтып оралсақ. Қазақстан Олимпиада дегенде басымдықты сол баяғы бокс, күрес пен ауыр атлетикаға ғана беретінін анық. Биыл осы үш спорт түрі сәтсіздікке ұшыраған еді, жалпы құрама алтын не күміссіз қалды. Ал жеңіл атлетика, жүзу, командалық спорт түрлері кенжелеп қалған. Мысалы, елімізде жүзу спортына арналған әлемдік стандартқа сай бассейндер жоқ. 2016 жылы Риода жүзуден Олимпиада чемпионы атанған Дмитрий Баландин жүзетін орын жоқ жерден шықты. Олимпиада ойындарында жеңіл атлетикадан 48 медаль, жүзу спортынан 24 медаль таратылады. Бір спортшы бір барғанда 5-6 медаль алатын мүмкіндікке ие. Ал еліміз ойнатылатын көп жүлденің ішінен тек біреуін жеңіп алғанға риза. Мұның бәріне қарап отырып, еліміздегі спорттың жағдайы мүшкіл емес деп көріңіз. Түптеп келгенде, біздегі бұқаралық спорттың дамымағанының көрінісі.

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ КЕНЖЕЛЕП ҚАЛДЫ

Бұқаралық спортты дамытпай, олимпиадалық спорт түрлерін дамытам деу құр әурешілік. Мәселен, АҚШ осындай түсінікті қабылдаған ел. 2020 жылы Мәдениет және спорт министрлігі ел тұрғындарының 30,6 пайызы спортпен айналысатынын жария етті. Бір сөзбен айтқанда, халықтың 3/1 бөлігіне жуығы спортты серік еткен. 2014 жылы бұл көрсеткіш 25 пайызды құраған. Бұқара спорты 6 жылдың ішінде тек 5 пайызға өсіпті. Ал мектеп оқушыларының 59 пайызы, студенттердің 31 пайызы ғана дене шынықтырады. Өзге елдермен салыстырғанда біздегі жағдай мәз емес. Мәселен, АҚШ, Канада мен Жапония халқының 60 пайызға жуығы, көрші Ресей азаматтарының 55 пайызы спортпен шұғылданады екен. Бірақ Мәдениет және спорт министрлігі жағдайды жақсыға балап келді. Былтыр министр Ақтоты Райымқұлова «Бұқаралық спортты дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары» әзірленіп жатқанын хабарлады. Сол кезде ол «дәл осы нормативтік құжаттар бұқаралық спортқа кәсіби спортпен тең дәрежеде қаражат қарастыруға мүмкіндік бермек» деген еді.

«Спортты қаржыландыру жергілікті атқарушы органнан түседі. Республика бойынша бұл шамамен 153 млрд теңге. Осы қаражаттың қайсысы кәсіби спортқа, қаншасы бұқаралық спортқа бөлінетінін де жергілікті атқарушы органдар анықтайды. Статистика көрсетіп отырғандай, қаражаттың көбі спорттың белгілі бір түріне, яғни кәсіби спортты дамытуға жұмсалып отыр. Бірақ осы саладағы уәкілетті орган ретінде біз үшін медальға қарағанда, халықтың денсаулығы маңызды. Біздің ендігі мақсатымыз – бұқаралық спортты дамыту. Сондықтан «Бұқаралық спорт туралы» заң жобасын және бұқаралық спортты дамыту туралы кешенді жоспар әзірледік», – деді ведомство басшысы.

Ал жағдай шынымен жақсарды ма? Қазақстан бойынша бұқаралық спортпен шұғылдануға арналған 30 мыңнан аса ғимарат бар. Бірақ халықты түгелдей спортқа тарту үшін бұл жеткіліксіз. Ұлттық экономика министрлігінің 2014 жылғы бұйрығымен бекітілген сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес, елімізде әрбір мың адамға 80 шаршы метр спорт алаңы болуы тиіс. Дегенмен қазір елімізде әрбір мың адамға 47 шаршы метр спорт алаңынан келеді. Бұл мемлекеттік нормативте белгіленген деңгейден екі есе төмен. Тіпті, 2 000-ға жуық мектепте спортзал мүлде жоқ. Біздегі проблеманың тағы бір басты себебі – ақылы спорт кешендерінің қызмет құны қалта көтере бермейді. Жақсы жабдықталған ақылы спорт кешендері кем дегенде айына 40-50 мың теңге сұрайды. Бұдан кейін бұқараға кінә артуға болмас. Журналист Дәурен Сейітжанұлы бұқаралық спорттың халі тым нашар екенін бір мысалмен айтады.

– Қызылорда қаласының «Шанхай» аталып кеткен ауданында 30-40 мың халық тұрады, бірақ бірде-бір дені дұрыс спорт немесе жаттығу алаңқайы жоқ. Бір спорт кешені бар екен. Тақияға тар келіп тұрғаны айдан анық. Балалардың барар жері жоқ. Жаттығу кешендері жырақта орналасқан. Ата-аналары ол жаққа қауіптеніп жібергісі келмейді. Ал балалар үйлерінде қамалып, телефон шұқылап отырмақ. Осыдан кейін чемпиондар қайдан шықсын, – дейді ол.

ХАЛЫҚ САУЛЫҒЫ АЛАҢДАТПАҚ

Спорт тек елдің абыройын асқақтатып, даңқын шығару үшін қолданатын құрал емес. Ол халықтың денсаулығын, өмір сапасын нығайтуға үлес қосуда зор рөл атқаратын маңызды дүние. Қазір ағзасының қандай да бір органы ауыратын жандар айналамызда толып жүр. Сол үшін есепте тұрады. Мәселен, 2017 жылы елімізде диспансерлік есепте 4 миллион адам тұрған. 2019 жылы мұны тағы 35 мыңнан астам адам толықтырған. Яғни, халықтың 20 пайызға жуығының алаңдатар дерті бар. Көптеген елдер медицинаны дамытатын кезде ауруды емдеу жолынан бұрын оған басқа адамдардың да шалдықпау жолын қарастырады. Ал бұқаралық спорт сол жолдың өзі болса керек.

Олимпиада жүлдегерлерін қошеметпен қарсы алды

Каратэден XXXII жазғы Олимпиада ойындарының жүлдегерлері Дархан Асаділов пен Софья Берульцева туған жерге оралды.

Шымкент қаласының халықаралық әуежайында жеңімпаз спортшыларды жерлестері зор қошеметпен қарсы алды.

Қала әкімі Мұрат Әйтенов ғаламдық бәсекеде жүлдегер атанған спортшыларды әуежайдан қарсы алып, жерлестерімізді жарқын жеңісімен құттықтады. 4 жылдықтың басты бәсекесінде ел үмітін ақтағанын, алдағы дүбірлі додаларда одан да жоғары жетістіктерге жетулеріне сәттілік тіледі. Сайыпқыран спортшыларға демеуші азаматтардың атынан темір тұлпардың кілтін табыс етті.

Айта кетсек, Токио Олимпиадасында Шымкент қаласынан 10 спортшы бақ сынаған болатын. Каратэ спортынан Дархан Асаділов пен Софья Берульцева жартылай финалға дейін жетіп, қола жүлдегер атанды.

А.ЖАСАН

Қырғыз елінен жеңіспен оралды

Қырғызстан Республикасында кикбоксингтен спорттық клубтар мен жасөспірімдер арасында Азия чемпионаты өтті. Аталмыш чемпионатқа Сарыағаш ауданының «Қажымұқан атындағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің» командасы қатысып, жүлделі орындармен оралды.

Атап айтқанда, әртүрлі салмақ дәрежесінде сайысқа түскен Ерасыл және Нұрасыл Ергешбай жүлделі 1-орын, Бекарыс Талип 2-орын, ал Ақарыс Талип 3-орынға қол жеткізген.

Жалпы, жарысқа Сарыағаш ауданынан 5 спортшы аттанған болатын. 300-ден аса спортшы қатысқан жарыста Сарыағаш ауданының ағайынды-егіздері осылайша алтыннан алқа тағып, жеңіспен оралды.

Табандылық танытып, Азия чемпионатында еліміздің мерейін үстем еткен жас спортшыларға ерекше құрмет көрсетілді.

А.ЖАСАНҰЛЫ

Бапкерлер арасында бәсеке жоқ

Әлемдік додадан кейін қазақ спортында бірқатар күрмеулі мәселелердің барын айтушылар көбейді. Спорттың қай түрінен болмасын легионерлерге басымдықты беріп қойғанымыз, өз саңлақтарымыздың да қарым-қабілетін аша алмай жүргеніміз, білікті бапкер даярлау мәселесі, өзге де өзекті өртейтін жайттар көп талқыға түседі. Мәселенің мәнісі неде?

Абылайхан ЖҰМАШ

Отандық спорт мамандары да Қазақстандағы барлық деңгейдегі спорт мектептері бүгінде әлемдік жақсы әдістемелер мен озық бағдарламаларды тиімді қолданып жатпағанын айтады. Олардың дені елдегі спорт саласын басқаруға келген кейбір бастықсымақтардың» кесірінен таланттарымыз тасада қалып, білікті деген бапкерлердің еңбегі бағаланбай жүр деген ойда.

Токиодағы сәтсіздіктен кейін спорт саласында нақты қандай шешім қабылданатынын да жұрт-шылық тағатсыздана күтіп жүр. Біз жазғы Олимпиададағы спортшылардың басым бөлігінің сенім үдесінен шыға алмауына не әсер еткенін білу мақсатында спорт мамандарынан пікір алған болатынбыз. Осы ретте «бапкерлердің білімі жетіңкіремеді ме, әлде алдағы додаларға дайындау үшін шетелден білікті, тәжірибелі бапкерлер шақырғанымыз жөн бе?» деген сауалымызды жолдадық.

– Белгілі бір спорт түрінен мамандарды бапкерлікке тағайындау үшін бірінші кезекте жаттықтырушылар арасында үлкен бәсеке болуы керек. Олай болмаған жағдайда таңдау жасау қиын. Сосын бапкерлерге арнайы конкурс жариялаған дұрыс. Олар өзінің жобасын ұсынуы тиіс. Бапкерлікті қолға алған кезде бәрін жақсы өзгерте алатындай. Өкінішке қарай, бізде отандық бапкерлер арасында кей спорт түрлерінен ондай бәсеке болмай тұр, – дейді Сидней Олимпиадасының күміс жүлдегері, белгілі балуан Ислам Байрамуков.

Ал спорт сарапшысы Мадияр Қазыбеков Қазақстанда өз ісін жоғары деңгейде атқарып жүрген кәсіби жаттықтырушылардың жеткілікті екенін айтады. Бірақ олар лайықты бағасын ала алмай жүр деп есептейді пікір иесі.

– Мәселен, қазақстандық ауыр атлетика бапкері Ержас Болтаев Өзбекстан спортшысының Токио Олимпиадасында алтын алуына көмектесті. Токио төрінде ауыр атлетикадан ерлер арасында 109 келіге дейінгі салмақта алтынды Өзбекстан құрамасының спортшысы Акбар Джураев жеңіп алды. Ол қоссайыстың қорытындысы бойынша 430 келіні бағындырды. Сол өзбек спортшысы зілтемірді көтергенде қазақ бапкері Ержас Болтаевтың жүргенін байқадық. Оның Өзбекстан құрамасына көмектесіп жүргені туралы ақпарат 2019 жылдың ақпан айында хабарланған еді. Сол кезде Болтаев Өзбекстан ауыр атлеттерінің оқу-жаттығу жиынына аттанған. Қазір Ержас сол жақта кеңесші болып қызмет атқарып жүр. Міне, осындай білікті бапкерлерді бағалай алмай отырғанымыз өкінішті. Бізде жалпы ауыр атлетикада, бокста, дзюдо спортында жақсы мектеп қалыптасқан. Мықты бапкерлер мен спортшылар да бар. Оларда бәсеке те жоқ емес. Мысалы, Алексей Ни Лондон Олимпиадасында жақсы жетістікке жетті. Өкінішке қарай, 2016 жылы допинг дауына қатысты жетістіктерін МОК жоққа шығарды. Дегенмен Ни 2016 жылы өзінің мықтылығын 1 алтын, 1 күміс, 3 қоламен қайтадан дәлелдей алды. Сондай-ақ талантты, білікті бапкерлердің ішінде дзюдода Нұрбек Жақсыбеков деген жасөспірімдерді дайындап жүрген бапкерді атап өтуге болады. Оны ұлттық құрамаға алып келсе, Нұрбек дзюдошыларды даярлауда көп көмегін тигізеді деп ойлаймын. Бокс пен дзюдодан өзіміздің мамандарға сенім арткан дұрыс. Жеңіл атлетика мен жүзу спорты бойынша шетелдік білікті бапкерлерді шақыртқанымыз жөн, – дейді Мадияр Қазыбек.

Бұл пікірді спорт журналисі Қуанышхан Өмірхан да қостады. Ол сөз арасында көркем гимнастика, мәнерлеп сырғанау, жүзу спортына елімізде жеткілікті деңгейде жағдай жасалмағанын да айтып қалды.

– Көркем гимнастика, мәнерлеп сырғанау секілді спорт түрлерінен ресейлік мамандарды шақырып, тәжірибе алмасқан дұрыс деп ойлаймын. Өйткені көркем гимнастикадан Ирина Винер-Усманованың шәкірттері әлемде үздік спортшылардың алдыңғы қатарында жүр. Мәнерлеп сырғанау спортынан Ресейде «машина» бапкер атанып кеткен Этери Тутберидзенің шәкірттері Шербакова, Загитова, Медведевалар да бірқатар айтулы жарыстарда топ жарып жүргенін спорт жанкүйерлері жақсы біледі. Алексей Мишин жаттықтыратын Елизабет Туктамышеваның да жетістіктері туралы көп нәрсе айтуға болады. Орыстардың көркем гимнастикасының мықты болатын себебі оларда әуелден жақсы мектеп қалыптасқан. Ал бізде бұл спорт түрі кенжелеу қалып отыр. Кезінде Әлия Юсупованың өзі де Ресейде жаттығып жүрді. Сол үшін бізге бұл спорт түрінен шетелден білікті бапкерлерді шақырған жөн. Ол мейлі бапкер болсын, мейлі кеңесші болсын, спортшыларға бағыт-бағдар беретін білікті мамандар керек, – дейді Қуанышхан.

Анығы, біз үшін халықаралық аренадағы жетістіктерімізге жаңа серпін беріп, спортымызды жаңа деңгейде жетілдіре түсуі үшін білікті мамандардың саны артып, заманауи спорттық инфрақұрылымдар да көптеп бой көтергені маңызды. Болашақта осы мәселелердің бәрі ескерілсе, ел спортының көші түзеліп, жыртығы бүтінделе түсер.

NUR MEDIA AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Бас редактор – Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Амангелді ҚҰРМЕТ – Бас редактордың бірінші орынбасары

Гүлзина БЕКТАС – шығарушы редактор

Асқар БЕК – веб-сайт редакторы

Елдар ҚАБА – секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Тұрсын ЖҰМАБЕККҚЫЗЫ – Атырау облысы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Нұрсұлтан ҚАЗБЕКОВ – Қызылорда облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-18, 8 (777) 241-47-75, 8 (707) 454-43-53
byurukpayeva@liter.kz
reklama@liter.kz

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-11, (708) 270-79-97
saidinova@liter.kz
bekkozhayeva@liter.kz

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №3975
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді

(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Нұр-Сұлтан қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

- Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
- Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
- Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Рая МІНАП